Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың мүмкіндіктерін пайдалана отырып, білім алушылардың танымдық іскерлігін дамытуда педагогикалық тәжірибе жүргізілді. Педагогикалық тәжірибе 2018 жылдың қазан айынан басталды. Осы мақсаттағы педагогикалық тәжірибе 10-сыныптарға «Бейорганикалық химия» пәні бойынша «Периодтық кестедегі элементтер» атты тақырыпқа ақпараттық-коммуникативтік технологиялар бойынша сабақ жоспары әзірленіп, алған білімдерін тексеру мақсатында тапсырмалар берілді, білім алушылардың білімдері бағаланып отырды.

Біз өз тәжірибемізде сабақ өту барысында кейбір қолжетімді компьютерлік

бағдарламаларды қолдандық. Мысалы, төмендегі 1-суретте HyperChem бағдарламасы көрсетілген:

Осы бағдарлама арқылы Менделеев кестесіндегі химиялық элементтердің барлық сипаттамаларын (реттік нөмірі, заряды,



1-сурет – HyperChem бағдарламасы

ды, валенттігі, атомдық радиусы, қайнау және қату нүктесі, электртерістігі, электрондық құрылымы және т.б.) пайдалана отырып, молекулалар құра алады. Молекулалардың көріністерін құрылымдық формуласы, шарстерженді моделі, Стюарт-Бриглеб моделі және т.б. түрлерінде көруге болады.

Белгілі бір молекуланың құрамына кіретін атомдарды бір-біріне байланыстыра отырып, оның құрылымын минимум энергиясынан қалыпты жағдайға оптималдауға болады;

Құрылған құрылымды үш өлшемде айналдыру, бұру және үлкейту-кішірейту бағдарламаларының көмегімен әр қырынан көруге болады;

Молекуланың дипольдік моментін, тербеліс және электрондық спектрлерін есептеуге болады;

Компьютер алдында білім және қажетті материал алу барысында білім алушы үздіксіз жеке жұмыспен қамтамасыз етіліп, білім алушының компьютер алдында жеке жұмыс жасауы, базалық білімді меңгеруге кететін уақыты едәуір қысқарады. Химияға арналған арнайы бағдарламалармен танысып, олармен жұмыс жа-


сауды үйренеді және сонымен қатар химия пәніне қызығушылығын арттырады.

Бейорганикалық химияның зертхана сабақтарында да компьютерлік бағдарламаларды қолдандық. Зертханалық жұмыстарды өткізгенде оқушылар үшін туындайтын қиындық – жұмыстағы есептерді орындау. Осындай есептеу жұмыстарына оқушылар белгілі бір шамада күш қуатын, уақытын жұмсайды. Зертханалық жұмыстарда компьютерді қолдану оқушылардың еңбегін жеңілдетуге, тәжірибені бірнеше қайта жасау арқылы мұғалімге студенттердің назарын өткізілген эксперименттің химиялық мән-мазмұнын меңгеруге бағыттауға мүмкіндік береді.

Ал зертханалық сабақтарда Adobe Flash Player бағдарламасын қолдануға болады.

Сонымен қатар, білім алушылар практикалық жұмыста өздерінің ақпараттары мен материалдарын қажетті интернет желілеріне енгізуді меңгереді. Бағдарламада интернет желісінің электрондық поштадан ICQ телеконференциясына дейінгі заманауи байланыс мүмкіншіліктері қарастырылады.


Мектепте химияны оқытуда компьютерді пайдалануға байланысты мынадай




Жұмыстың барысымен танысу



Сынауықтарға күкірт қышқылын құю



Сынауықтарға мырыш, темір, мыс түйірлерін саламыз



Металдардың қышқылмен әрекеттесуі

2-сурет – Adobe Flash Player бағдарламасының көмегімен «Күкірт қышқылының металдармен әрекеттесуі» тақырыбындағы зертхана сабағы

қорытынды жасауға болады:

– компьютердің көмегімен химияны оқыту білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын оятып, күрделі материалды білім алушының жеңіл әрі тез меңгеруіне мүмкіндік береді;

– химиялық үрдістерді зерттеуде білім алушының шығармашылық дамуында, өз бетінше жұмыс ұйымдастыруында компьютердің ролі зор.

Қорытынды

Сонымен қорыта келе, химия сабағында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану оқушыларды белсенді танымдық және зерттеушілік әрекетке ұмтылуына, интерактивті режимде жұмыс

істеуге, өмірде көрінбейтін микроәлемді көруге, зертханалық және практикалық сабақтар барысында логикалық ойлауды, шығармашылық белсенділікті, оқу материалын өз бетімен игергенде зерттеушілік шешім қолдануды қалыптастырады.

Педагогикалық эксперименттің көмегімен біздің зерттеуіміздің басты мақсаты – мектеп оқушыларына қалыптасқан химиялық ұғымдар мен білімдерді заманауи компьютерлік бағдарламалар арқылы виртуальды үлгіде дамыту және оларды оқушылардың меңгеру деңгейін анықтауға әрекет жасау.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Нұғманов И.Н., Шоқыбаев Ж.Ә., Өнербаева З.О. Химияны оқыту әдістемесі. – Алматы: Рауан, 2006. – 450 б.
2. Комзалова Т.А. Оқушыларға ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы білім беру мен танымдық әрекетін қалыптастыру мәселелері. – Смоленск: Русич, 2006. – 560 с.
3. Андреев А.А. Введение в Интернет-образование: учеб.пособие. – М.: Логос, 2009. – 73 с.
4. Бент Б. Мультимедиа в образовании: специализированный учеб. Курс. – М.: Дрофа, 2008. – 221 с.
5. Захарова И.Г. Информационные технологии в образовании: учебное пособие высших педагогических учебных заведений. – М.: Академия, 2008. – 188 с.
6. Қасымбекова Д.А., Маманбек Н. Компьютерлік моделдеу бағдарламаларын химияны оқытуда қолдану // Хабаршы-Вестник «Жаратылыстану – география ғылымдары» сериясы. – №1 (43). – Алматы, 2015. – Б. 78–82.
7. Сармузина А.Г., Мукушева Г.К. Химические эксперименты экологической направленности. Методическая разработка для учителей химии. – Алматы: КазГУ, 1998. – 51 с.

REFERENCES

1. Nugmanov I.N., Shokybaev Zh.a., Nurbaeva Z.O. Methods of teaching chemistry. – Almaty: Rauan, 2006. – 450 p.
2. Kamsalova T.A. Problems of formation of educational activity of students using information and communication technologies. – Smolensk: Rusich, 2006. – 560 p.
3. Andreev A.A. Introduction to online education textbook: manual. – Moscow: Logos, 2009. – 73 p.
4. Bent B. Multimedia in education: specialized studies. – M.: Drofa, 2008. – 221 p.
5. Zakharova I.G. Information technologies in education: textbook of higher pedagogical educational institutions. – Moscow: Academy, 2008. – 188 p.
6. Kassymbekova D.A., Mamanbek N. Application of computer simulation programs in teaching chemistry // Vestnik Kaznpu. A series of Natural and geographical science. – №1 (43). – Almaty, 2015. – P. 78–82.
7. Sarmurzina A.G., G.K. Mukusheva. Chemical experiments of ecological orientation. Methodological development for chemistry teachers. – Almaty: KazNU, 1998. – 51 p.

КАСЫМБЕКОВА Д.А., ТУРИК К. ЭФФЕКТИВНЫЕ МЕТОДЫ И ПРИЕМЫ ИНФОРМАЦИОННО-КОММУНИКАТИВНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ОБУЧЕНИИ ХИМИИ

В данной статье рассматриваются возможности и преимущества использования информационно-коммуникативных технологий в обучении химии в образовательных системах. Процесс информатизации образования охватывает все сферы функционирования школы. Использование информационно-коммуникативных технологий в школе позволяет существенно изменить профессиональные умения всех учащихся в образовательном процессе. Уровень применения информационно-коммуникативных технологий в педагогической деятельности является одним из важнейших показателей развития информационной компетентности педагога.

В статье показаны эффективные методы обучения неорганической химии с исполь-

зованием компьютерных программ HyperChem и Adobe Flash Player. Рассматривая информационно-коммуникативные технологии как средство обучения в различных академических контекстах, мультимедийные продукты и услуги интернета могут использоваться для выработки навыков и развития критического мышления. ИКТ могут быть использованы для улучшения качества образования в отдельных предметных областях, в том числе в химии.

Ключевые слова: информационно-коммуникативные технологии, компьютерные программы, мультимедиа, моделирование.

KASSYMBEKOVA D.A., TURIK K. EFFECTIVE INFORMATION AND COMMUNICATION METHODS AND TECHNIQUES IN TEACHING CHEMISTRY

This article discusses the possibilities and advantages of using information and communication technologies (ICT) in teaching Chemistry in educational institutions. Informatization affects all areas of school education. The use of ICT at school can significantly change the professional skills of students gained in the process of education. The level of application of ICT in teaching is one of the most important indicators of development of information competence of a teacher.

The article describes the efficient methods of using HyperChem and Adobe Flash Player software in teaching Inorganic Chemistry. Multimedia products and Internet services can be used in various academic contexts to develop creative skills and critical thinking in students. ICT can be used to improve the quality of education in selected subject areas, including Chemistry.

Keywords: information and communication technologies, software, multimedia, modeling.

ӘӨЖ 378.147:811.111

А.М. МУХТАРХАНОВА

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
**СТУДЕНТТЕРГЕ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҚАТЫСЫМДЫҚ ӘДІС
ҰСТАНЫМДАРЫНА СӘЙКЕС ОҚЫТУ ЖОЛДАРЫ**

Ағылшын тілін оқытуда оқу үдерісін шынайылыққа жақындату және сөйлеуге үйрету негізгі мақсат болып табылады. Тілді оқытуда көптеген әдістер қолданылғанымен, қатысымдық әдіс барлық әдіс-тәсілдердің түп негізі болып қала бермек. Оқу әдісі ұстанымдарға негізделетіні белгілі. Ұсынылған мақалада қатысымдық әдіс ұстанымдарына қысқаша талдау жасалып, сол ұстанымдар негізінде әзірлеме даярланған. Әзірлеменің ерекшелігі, оның отандық мазмұны. Сонымен қатар, студенттердің жергілікті мазмұндағы материалды қанишалықты қабылдайтындығы зерттелген. Сауалнамаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Филология: қазақ тілі» тобынан 20 студент қатысқан. Сауалнама нәтижесінде студенттер ана тілінде өткен таныс материалды шетел тілінде қайтадан өтудің дұрыс емес екендігін атаған. Әзірлемеде студенттердің сөйлеу қызығушылығын арттыратын түрлі тапсырмалар ұсынылған. Әзірлемені сынақтан өткізу нәтижесінде студенттерден қайта жауап алынды, онда жергілікті мазмұндағы материалдың көптеген артықшылықтары бар екендігі расталды.

Кілтті сөздер: ағылшын тілін оқыту, қатысымдық әдіс, оқыту ұстанымдары, жергілікті мазмұн.

Қазіргі уақытта ағылшын тілін оқытуда көптеген белсенді оқу әдіс-тәсілдері қолданылатыны белгілі. Көптеген отандық жергілікті оқу құралдары да жасалып, сынақтан өтуде. Зерттеушілер түрлі жаңаша инновациялық, интерактивті әдіс-тәсілдерді ойлап табуда, тілді кәсіптік бағытта оқытудың да түрлі жолдары қарастырылуда [1, 2], алайда классикалық қатысымдық әдіс барлық жаңалықтар мен әдістердің негізі болып қала беретіндігі анық. Ағылшын тілін оқытуда қатысымдық әдіс сонау Г.Пальмерден бастап, Алекс Осборнның «Брейнсторминг әдісі», Г.Лозанов, Г.А. Китайгородскаяның белсенділендіру әдісінен және т.б. ғалымдардың еңбектерінен бастау алады [3]. Қатысымдық әдіс бойынша оқыту үдерісі қатысым үдерісінің үлгісі (моделі). Ал аталған оқыту әдістерінің алтын қазығы, оқы-

ту ұстанымдары. «Оқыту ұстанымдары оқыту мазмұнын анықтауда, ұйымдастыруда және оқыту әдістерін іріктеуде өзара байланыстағы бастапқы ережелер жиынтығы деп қарастырылады. Ұстанымдар арқылы оқу процесіне қатысы бар көптеген заңдылықтардың мән мағынасы ашылады. Оқытушы мен оқушының іс-әрекеттері реттеледі, оқу пәндерін өтуде және оқудың барша кезеңдерінде олар өздерінің мәнін сақтайды» [4].

Шетел тілін оқыту ұстанымдарын жүйеленген ғалымдардан Г.Пальмер, Р.Ладо, И.Л. Бим, З.М. Цветкова, И.В. Рахманов, Г.В. Рогова, А.П. Старков, Е.И. Пассов, М.В. Ляховицкий, С.С. Құнанбаеваны атауға болады [5].

Қатысымдық әдіс мазмұнын ашатын ұстанымдарды Е.И. Пассов [6] 1-кестеде көрсетілгендей жүйелеген.

1-кесте – Қатысымдық әдіс ұстанымдары

Ұстанымдар	Мазмұны
Сөйлеу белсенділігі	Оқушының сөйлеу белсенділігі-қатысымдық оқыту үдерісінің негізі.
Даралау (индивидуализация)	Қатысымдық мотивацияның пайда болуы; тұлғаның жеке сипаттарын есепке алу.
Функционалдық	Қатысымдық материалды іріктеу.
Жаналық	Материал мазмұнының жаңашылдығы, жұмыс, оқу, құрал түрлерінің жаңалануы.
Ситуативтік	Белгілі бір жағдайда студенттің қатысымға жеке қажеттілігін тудыру.

Қатысымдық әдістің сөйлеу белсенділігі ұстанымы бойынша ағылшын тілін жалпы білім беру пәні ретінде оқытуда студенттердің сөйлеуге белсенді араласуы, оқу қарым-қатынасында жаттығулардың сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталуы және жаттығулардың сол мақсатқа жеткізу сапасы үлкен роль атқарады.

Қатысымдық әдістің даралау ұстанымына сүйенсек, студенттің ішкі мотивациясының болуы өте қажет. Мысалы, студенттердің «ішкі» мүмкіндіктерін кеңінен қолдану оқытудың тиімділігін арт-

тыруға ықпал етеді. Бұл жерде студенттің белгілі бір тәжірибесі, білімі, қызығушылығы бола тұра, қатысымдық тапсырмаларды шешуде ұтымды қолдана білуі керек. Оқытушының міндетіне студенттің өзінде бар мүмкіндіктерге: оның танымдық қажеттіліктеріне және интеллектуалдық мүмкіндіктеріне қолайлы жағдай туғызу, яғни, студенттің мотивациясын туғызуға ықпал етуі керек. Қатысымдық мотивацияның пайда болуы үшін жеке-даралауды ескеру қажет: кәсіби бағыт аясы, өмірлік тәжірибесі, қызығушылықтары, қажеттіліктері, дү-

ниетанымы, эмоционалдық-сезім аясы.

Функционалдық ұстанымы кәсіптік бағыттағы тақырыпты таңдау; кәсіптік бағыттағы лексиканы сұрыптау; студенттің өз елі туралы және сөйлеуге жетелейтін проблемалық тақырыптарды таңдауын және оларды ұйымдастыру түрлерін: мәтін, диалог, жаттығу, т.б. қарастырады. Функционалдық ұстанымы бойынша сөйлеу барысында лексикалық, грамматикалық кешенділік қамтамасыз етілуі керек. Бұл студенттің сөйлеу мотивациясын арттырады.

Жаңалық ұстанымы тілдік дағдыны қалыптастыру шартының жаңашылдығы, сөйлеу шеберліктерін дамыту шарттарының жаңаруы; мәтін мазмұнының жаңаруы, жаңа ақпарат және басқа оқыту үдерісі аспектілерінің жаңаруымен ерекшеленеді. Материалдың формасы мен мазмұнында қамтылған жаңалық студенттің қызығушылығын, сөйлеу шеберлігін арттырады. «Қызығушылықсыз меңгерілген білім, өз көзқарасынсыз – адамның игілігіне жарамайды». Өйткені, «...қызығушылықтың маңыздылығы, оның оқытудың алғышарты да, нәтижесі де болатындығында» [7]. Е.И.Пассов жаңалық ұстанымының қызығушылықты тудырушы факторлары ретінде: 1) материалдың мазмұнының, талқылау тақырыбының жаңа, тың болуы; 2) оқыту тәсілдерінің жаңа, түрлі болуы (талдау сабағы, талқылау, пресс-конференция, т.б.); 3) жұмыс түрлерінің, жұптас, топтастарының ауысып отыруы және т.б. атаған [6, 97 б.].

Ситуативтік ұстанымына ситуацияны сөйлеу әрекетін мотивациялау амалы ретінде, тілдік материалды сұрыптау және ұйымдастыру негізі ретінде қолдану енеді. Ситуация жағдайлары студенттердің қызығушылығын тудыруы және олардың өмірлік тәжірибесін ескере отырып, құрастырылады. «Ситуация – дәл сол кезде, дәл сол жағдайда оқушы үшін мәселе тудыру және қызығушылықты оятатын шарт, студент үшін проблемалық ситуация туғызу» болып табылады [8].

Қатысымдық әдістің ұстанымдарын негізге ала отырып, жоғары оқу орындарының «Филология», «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті» студенттеріне¹ втордың ұсынған оқу құралында түрлі шығармашылық тапсырмалар, сыни ойлау тапсырмалары студенттердің қатысымдық дағдыларын дамытуға бағыттаған. Қойылған мақсаттар мен міндеттерге жету үшін оқу құралында бірінбірі толықтыратын және нақтылайтын түрлі әдістер мен тәсілдер қолданылады.

Ағылшын тілі сабақтарында жаңалық ұстанымына сәйкес, студенттің мотивациясын тудырушы бірден-бір құрал – тақырыптық мазмұн. Тақырыптық мазмұнға қатысты, Дж.Е.Алатис Америкадағы ағылшын тілін оқыту ұйымының болашақта үш негізгі бағытты қолға алатындығын атап өткен. Сол 3 бағыттың бірі – тіл үйренушілердің елінің мәдениетіне көп көңіл бөлу делінген. Тіл үйрету барысында сол елдің мәдениетін оқу үдерісіне енгізуіміз керек және бұл біздің кемшіліктеріміздің бірі деп атап көрсеткен [9]. Мұндай пікір біздің елімізге де қатысты, өйткені көптеген оқу орындарында шетелдік оқулықтарды көбірек қолданатынымыз құпия емес.

Автордың ұсынып отырған оқу материалында А.Құнанбаев, М.Шаханов, Л.Толстой, І.Есенберлин және т.б. еңбектерінен үзінділер алынып, әзірleme жасалған. Студенттің шынайы өмірде сабақта ана тілінде өткен немесе өзі оқыған материалды шетел тілінде қайтадан өту қаншалықты қызықты немесе қызықсыз екендігін айқындау үшін, ЕҰУ, «Филология: қазақ тілі» тобының студенттерінен келесі сұрақтарға жауап беру сұралды:

Өзіңізге таныс материалды ағылшын тілінде қайталап өту дұрыс па? Ия немесе жоқ және себебін ашып айтсаңыз.

Ана тіліңізде өткен таныс материалды шетел тілінде қайтадан өту сізге қаншалықты қызықты немесе қызықсыз? Себебі?

Сауалнамаға барлығы 20 студент қа-

¹ Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. – ҚРБЖМ. – Филология мамандығы. – Астана, 2006. – 45 б.

тысты. Сауалнама нәтижесінде төмендегідей жауаптар алдық: 12 студент (60%) ана тілінде өткен материалды қайтадан ағылшын тілінде өту дұрыс және қызықты болады деп жауап берсе, 8 студент (40%) ол дұрыс емес, қайталап өту қызықсыз деп жауап берген. Бірнеше жауаптарды қарастырып көрсек.

Үміт: «Менің ойымша, ана тілімізде оқып жүрген әдеби шығармаларды ағылшынша оқу өте дұрыс, әрі жақсы жақтары өте көп. Себебі біз сол шығармаларды өзге тілде оқу арқылы жан-жақты дамуға болады, көптілділікке қалыптасамыз, санамызды, сөз қорымызды кеңейтеміз».

Асылбек: «Қазақша оқыған кітапты ағылшынша оқу өте пайдалы деп ойлаймын. Себебі біз кітапты ағылшынша оқып, сөз қорымызды молайтамыз, грамматиканы өтеміз, талдаймыз. Оның ешқандай бұрыстығы жоқ деп ойлаймын, өз тілімізде оқып талдасақ, шет тілінде пікір айту мүлде басқа нәрсе».

Айдана: «Менің ойымша бұл істің зияны жоқ. Алайда пайдасы тек жаңа грамматика және сөздік қордың, яғни вокабулярдың кеңеюімен шектеледі. Себебі оқитын материалды біз алдын ала оқып, ана тілімізде анализ жасап қойдық. Сондықтан да, өте қызық болады деп айта алмаймын. Менің бір ұсынысым бар, егер де ағылшын тілінде жазылған шығармаларды оригинал тілінде оқысақ дұрысырақ болар еді. Неге десеңіз, солай жасасақ біз тек грамматика мен жаңа сөздер деп шектелмей, өзіміздің де жан-жақтылығымызды арттырамыз, себебі ағылшын авторларының шығармаларын, мысалы Джейн Остиннің «Pride and Prejudice» (Гордость и предубеждение) кітабын оқи отыра, олардың мәдениетін, менталитетін, ұлттық ерекшеліктерін тереңірек танып, хабардар болар едік».

Айданай: «Қазақ тілінде өткен нәрсені ағылшын тілінде өту қызықты емес сияқты. Мысалы бір әдеби шығарманы ағылшын тілінде қайта өтсек, оның мазмұнын студент біліп тұрса, мәтінді мүлде оқымай-ақ өз сөзімен айта салады да жа-

на сөз жаттамайтын сияқты». Студенттердің пікірін айқындап алған соң, жоғарыдағы қатысымдық ұстанымдарға сәйкес «Филология», «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті» мамандықтары студенттері үшін әзірлеме құрастырылды.

Біздің ойымызша, аталған мамандықтар студенттерінің даралау ұстанымына сәйкес, ішкі мотивациясын тудыру қиынға соқпайды, өйткені ұсынылған материал тақырыптары, тіл мен әдебиет мамандығының білім алушыларының ғана емес, кез келген мамандық иесінің қызығушылығын тудыратын проблемалық тақырыптарға толы. Мысалы, М.Шахановтың «Компьютербасты жарты адамдар» («Formula of Modernhalf-man» (Excerpt from 'The Errorsof Civilization') романындағы әлеуметтік мәселені кез-келген болашақ мамандық иесі талқылайды. Келесі ұсынылған тапсырмалар әрбір студенттің шынайы өміріне қатысты және өзінің өмірлік тәжірибесін пайдаланып, сөйлеуге жетелейді.

1. Look back at the questions in Focus on Reading Section before the text and compare your ideas about the meaning of 'Modern half-man' before and after reading the novel. Discuss your predictions with the class.

2. A classic of Kazakh literature Gabit Musrepov, in his last moment said:

"If, our nation will not be named "great", thus not be classed as one of the best". If what?

3. What kind of traits of the person you value best? Name ten special traits of the person. Analyze them in groups.

4. Now let's try to make up the formula of 'Modern half-man'! What kind of person is a Modern half-man? Look at the following list of qualities, and circle three or four you think best describe this person? Then discuss your ideas with the class.

• naughty • swaggering • scornful • denies moral values • egoistic • sham • spiritually lost • cynically wise • financially obsessed

Қатысымдық бағыттың функционалдық және ситуативтік ұстанымдарына сәй-

кес, әзірлемеді лексикалық, грамматикалық тапсырмалар қамтылып, тек қана орындап қоюмен шектелмейді, міндетті түрде ауызша, жазбаша сөйлеуге жетелейді. Мысалы, келесі тапсырмаларда студент сабақта өткен лексика, грамматиканы пайдаланып жазбаша және сөйлеу тапсырмаларын орындайды.

1. Write two or three paragraph on one of the following topics. Use some of the vocabulary, grammar, and style that you learned in this unit.

2. Make a newspaper article about M.Shakhanov. Look back at three opinions in Predicting Section and use some words, phrases, sentences by giving your ideas by making reference to the authors of opinions.

3. Newton's Third Law: "Every action bears reaction raw!" Explain.

4. "Happiness – what is that indeed? Where is it found?". Discuss in the group.

Материалдың ең басында берілген болжау тапсырмалары студенттің тақырыпқа қызығушылығын тудырады:

1. What can you say about the title of the text? What do think this poem will be about? How do you understand the meaning of 'Modern half-man'. Give definition.

Brainstorming тапсырмасы «Young people are not interested in poetry nowadays» тақырыбына немесе Presentation: "I don't imagine my life without history" («The Nomads») студенттерді проблемалық мәселе бойынша сөйлеуге ынталандырады.

I.Есенберлиннің «Көшпенділер» («The Nomads») романының үзіндісіне жасалған әзірлемеді: 1. Compare your answers in small groups. On which statements did you have a similar opinion? On which statements did you have a different opinion? 2. Pick the time period of history events that were told in 'The Nomads'. What is interesting about this period to you? Why? What surprised you? Write for five minutes. Then discuss your ideas with your group. 3. Find the chapter in 'The Nomads' about the outcome of the duel between Karachin-Bagatur and Sultan Burunduk and share your report with the group. 4. Explore the world of history by vis-

iting the library.

Step 1: Work in small groups. Choose one direction of history that your group would like to examine ('History of Kazakhstan', 'World history', 'History of ancient times' etc.). Use the following form to record what you discover there.

The time period:

Main historical events of that time:

Outstanding personalities of that time:

Styles of that time:

Living conditions of that time:

Other comments:

Step 2: Write a report of your findings, using some vocabulary words that you learned in this unit.

Step 3: Finally, exchange your report with members of another group. Discuss your reports together after you have read them.

Бұл тапсырмалар жұптық, топтық жұмыстарды қамти отырып, білім алушылардың сөйлеу шеберліктерін арттыруға ықпал етеді.

Сонымен қатар, әзірлемеді: «Use parallel structure to combine the sentences below, Read the following paragraph taken from "About the Errors of Civilization." Notice the two underlined phrases. Can you find and similarities in the structure of the underlined phrases?, Look at the following questions and answers (from Ch. Aitmatov about "The Errors of Civilization"). How does the word order change? How does the verb change?» сияқты студенттің академиялық дағдыларын қалыптастыратын тапсырмалар жеткілікті. Ұсынылған М.Шахановтың «Компьютербасты жарты адамдар» («Formula of Modern half-man» (Excerpt from 'The Errors of Civilization') романы бойынша құрастырылған әзірleme жоғарыда аталған «Филология: Қазақ тілі» тобында сыналды. Алдыңғы қойылған сұрақтар топ студенттеріне қайта қойылды: Өзіңізге таныс материалды ағылшын тілінде қайталап өту дұрыс па екен? Ия немесе жоқ және себебін ашып айтсаңыз.

«Ана тіліңізде өткен таныс материалды шетел тілінде қайтадан өту сізге қаншалықты қызықты немесе қызықсыз

болды? Себебі?» деген сауалға сәйкес, студенттердің 90%-ы материалдың «өте ұнағанын», «өте қызықты» болғанын, «көп нәрсе үйрендім», «бұрын ойламаған жайттарды талдадық», «білетін нәрсені ағылшынша талдаған қызық екен», «біраз жаңа сөздер үйрендім», «parallel structure дегенді үйрендім» және т.б. жағымды пікірлер берген.

Студенттің түсінуі мен белсенділігін

арттыру үшін олардың шығармашылық, өздігінен сыни ойлауына түрткі болатын әрекеттің қатысымдық түрлері қолданылуы керек. Студенттің қызығушылықтарын, қабілеттері мен тәжірибесін, эмоционалдық аясын, дүниетанымын жергілікті мазмұнға негізделген материалдар арқылы дамыта отырып, тұрақты мотивациясын қалыптастыруға болатындығына көз жеткіздік.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Гагарин А.В., Смирнова З.М. Билингвальное обучение студентов из разных стран: дидактические условия и опыт их реализации // Вестник Академии Педагогических Наук Казахстана. – Алматы, 2016. – №2. – С. 4–13.

2. Makhambetova Zh.T. Professional English in the postgraduate medical education // Zh. T. Makhambetova, R. R. Shaimardanova // Вестник Академии Педагогических Наук Казахстана. – Алматы, 2016. – №2. – С.66–69.

3. Мухтарханова А.М. Ағылшын тілін оқытуда қатысымдық әдістердің түрлеріне сипаттама // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. – 2013. – №1(92). – Б. 48–51.

4. Бим И.Л. Личностно-ориентированный подход – основная стратегия обновления школы // Иностранные языки в школе. – 2002. – № 2. – С. 11–15.

5. Жоғары оқу орындарында шетел тілін оқыту ұстанымдарына сипаттама // Научный журнал «Региональный вестник востока». – 2014. – №3 (63). – С. 104–111.

6. Пассов Е.И. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению. – М.: Просвещение, 1991. – 223 с.

7. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. – М., 1989. – 116 с.

8. Алхазишвили А.А. Основы овладения устной иностранной речью. – М.: Просвещение, 1988. – 124 с.

9. Ancker P.W. The Psychic Rewards of teaching: An Interview with James E. Alatis // English Teaching Forum. – 2004. – Vol.42, №5. – P. 2–9.

REFERENCES

1. Gagarin A.V., Smirnova Z.M. Bilingual education of students from different countries: didactic conditions and the experience of their implementation // Bulletin of the Academy of Pedagogical Sciences of Kazakhstan. – Almaty, 2016. – №2. – P. 4–13.

2. Makhambetova Zh.T. Professional English in the postgraduate medical education // Bulletin of the Academy of Pedagogical Sciences of Kazakhstan. – Almaty, 2016. – №2. – P.66–69.

3. Mukhtarkhanova A.M. Describe the types of collaborative teaching methods in English // Bulletin of the ENU L.N. Gumilev. – 2013. – №1(92). – P. 48–51.

4. Bim I.L. A student-centered approach is the main strategy for updating a school // Foreign languages at school. – 2002. – № 2. – P. 11–15.

5. Description of the principles of teaching a foreign language in higher education // Scientific journal «Regional Bulletin of the East». – 2014. – №3 (63). – P. 104–111.

6. Passov E.I. Communicative method of teaching foreign language speaking. – М.: Enlightenment, 1991. – 223 p.

7. Rubinstein S.L. Fundamentals of General Psychology. – М., 1989. – 116 p.

8. Alkhazishvili A.A. Fundamentals of Speaking Foreign Language. – М.: Enlightenment, 1988. – 124 p.

9. Ancker P.W. The Psychic Rewards of teaching: An Interview with James E. Alatis // English Teaching Forum. – 2004. – Vol.42, №5. – P. 2–9.

МУХТАРХАНОВА А.М. ОБУЧЕНИЕ АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКУ НА ОСНОВЕ ПРИНЦИПОВ КОММУНИКАТИВНОГО МЕТОДА

Основная цель обучения английскому языку это приблизить учебный процесс к реальности при обучении говорению. Несмотря на то, что на практике используются много методов обучения, коммуникативный подход остается основой всех методов. Известно, что метод обучения основывается на его принципах. В данной статье сделан краткий анализ принципов обучения коммуникативного метода и подготовлена разработка на основе этих принципов. Особенностью разработки является региональное содержание материала. Также было изучено, насколько студенты воспринимают материал, основанный на местном контенте. В опросе участвовали 20 студентов группы “Филология: казахский язык”, Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева. По результатам опроса выявлено, что на занятиях английского языка вполне возможно брать ранее пройденный материал на родном языке. В разработке представлены различные задания, которые повышают интерес студентов к говорению. Результат апробирования разработки подтвердил, что материалы, основанные на местном контенте, имеют множество преимуществ.

Ключевые слова: преподавание английского языка, коммуникативный метод, принципы обучения, местный контент.

MUKHTARKHANOVA A.M. TEACHING ENGLISH BASED ON THE PRINCIPLES OF COMMUNICATIVE METHOD

The main task is to bring the teaching situations closer to real-life when teaching spoken English. The communicative approach to teaching languages remains the basis of all varied methods of teaching applied in practice. Any teaching method is based on the principles of teaching. The article provides a brief analysis of the principles of the communicative method of teaching and makes proposals based on these principles. The proposals are based on the regional content of educational materials.

The authors have also studied the perception by students of the materials based on local content. The survey involved 20 students studying the Philology of Kazakh language at L.N. Gumilyov Eurasian National University. The study has shown the effectiveness of using the material previously studied in the native language when studying English. The proposal contains various tasks that increase students' interest in speaking. The proposals were tested to show many advantages of the materials based on local content.

Keywords: teaching English, communicative method, principles of teaching, local content.

ӘӨЖ 372.857

Г.З. ШАЙМЕРДЕНОВА, А.С. АБЖАПАРОВА, Н.К. СЕЙДАХМЕТОВ
Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті
**БИОЛОГИЯДАН ВИРТУАЛДЫ ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫ
ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ШАРТТАРЫ**

Мақалада білім беру үрдісін ізгілендіруге байланысты білім алушылармен жаңаша қарым-қатынас жасау, оқыту үрдісінде қолданылатын оқу құралдарының орны мен ролін електен өткізіп қайта қарау, олардың негізгі қызметтерін есепке алу жөнінде сөз болады. Оқытудың екіжақты үрдіс екені, онда білім алушы мен оқытушының өзара әрекеті жүзеге асатыны мәлім, сол сияқты бұл үрдіске білім мазмұны сияқты құрылымдық элементтің де қатысатыны белгілі. Осы үш құраушының өзара байланысы арқылы виртуалды зертханалардың оқу үрдісіндегі орны мен мәні айқындалады. Виртуалды зертхананың жоғарыда келтірілген сипаттамасы мен оқыту құрылымы арасындағы қатынас оқу құралдарының оқыту үрдісіндегі ролі мен орнын анықтауға мүмкіндік береді. Виртуалды зертхананың оқыту үрдісіндегі осы ерекшеліктері білім алушылардың танымдық және іс-әрекеттік белсенділігін көтерудегі маңызы зор екендігін көрсетеді. Виртуалдық зертхананың көп қырлылығын білім алушылардың білім сапасын арттырудың құралы ретінде қарастыруға болады. Осы тұрғыдан алғанда виртуалдық зертхана білім беру үрдісін ізгілендірудің маңызды факторларының бірі болып табылады. Сондықтан да біздің зерттеу жұмысымызға арқау етіп отырған виртуалды зертханалық жұмыстар білім алушылардың іс-әрекетін арттырудың маңызды құралы саналады.

Кілтті сөздер: виртуалды зертхана, биологиялық принциптер, әдістемелік шарттары, үрдіс.

Кіріспе

Қазіргі жағдайда білім беру – адамды өмір бойы даму мен өзін-өзі жетілдіруге, қазіргі қоғамда толыққанды және өз бетімен қызмет етуге, алған білімін іс-әрекетте қолдана білуге дайындау деген сөз.

Осы уақыт кезеңінде жаратылыстану пәндері бойынша әдістемелік жүйе отандық және әлемдік педагогикалық-психологиялық жетістіктерді жинақтай отырып, әрбір жеке пәннің ерекшеліктеріне орай өзіндік құрылымға ие болып отыр. Жаратылыстану пәндерін оқытудың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес оқыту әдістерін таңдап алады.

Ал зерттеу әдістерінде білім алушылар зерттеу тақырыптарына байланысты әдебиеттерді өз бетімен іздеп, оларды оқып-үйренеді, зерттеу жұмыстарының ұстанымдарын танып біледі, зерттеудің жоспарын құрып, одан алынатын нәтижені болжап, оған баға бере алады. Қазіргі білім берудің жаңа парадигмасына орай

оқыту әдістемесінде «іс-әрекет арқылы оқыту» және онымен тығыз байланыстағы білім алушылардың практикалық іс-әрекетін ұйымдастыру әдістері тұжырымдарына деген қызығушылық басым болып отыр.

Негізгі бөлім

Қазіргі таңда жоғарыда сараланған ғылыми-теориялық еңбектердегі классикалық дидактикалық ұстанымдарға өзгерістер енгізіліп, оқытудың іс-әрекетке бағдарланған тәсілдерімен толықтырылуда.

Білім алушыларға виртуалды зертханалық жұмыстарды дайындау жөніндегі жобаға негіздей отырып білім мазмұнын игертудің (білімнің, іс-әрекет тәсілдерінің, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесінің, эмоционалдық-құндылық қарым-қатынастардың) және білім алушыларды оқыту процесінің түрлі кезеңдеріндегі жеке мүмкіндіктеріне, талпыныстары мен оқыту мақсатына сәйкес дамытудың белгілі бір деңгейін жүзеге асыратын құрал ре-

тінде кеміргіштердің саркоспоридиялары бойынша виртуалды зертханалық жұмыс жасалды.

Яғни, ұсынылып отырған виртуалды зертханалық жұмыстар білім алушылардың берілген оқу материалын меңгерудегі іс-әрекетін жүзеге асырудың бір құралы болып табылады. Виртуалды зертхана оқу материалы мазмұнының оқу іс-әрекетінің белгілі бір түріне бағдарлайтындей көрінісі бола отырып, білім алушыларға пәндік білімдер мен біліктерді игеруге жағдай жасайды. Оқытудың когнитивтік және процессуалдық жақтарының бірлігін жүзеге асыруға деген талпыныс виртуалды зертхана жұмыстарын ұйымдастырудың әдістемелік шартын қарастыруға мүмкіндік береді:

– пәндік білім, білік, дағдыларды білім мазмұнының түрлі оқу жағдаяттарында көрініс табу үрдісі ретіндегі виртуалға тасымалдау амалы;

– пәндік білімдердің жеке тұлғаға өту үрдісі ретіндегі білім алушылардың виртуалдық жұмыстарды іс-әрекетте пайдалану амалы.

Осы өзара байланысты екі әдістемелік шартты ескере отырып, біз виртуалды зерт-

хананың бірнеше сипаттамаларын ажыратып көрсетеміз: біріншіден, виртуалды зертхана – бұл оқу материалы мазмұнының оқу жағдаяттарында көрініс табу құралы, яғни ол пәндік білімдерді қолданудағы іс-әрекеттер моделі; екіншіден, виртуалды зертхана – бұл оқу іс-әрекетінің мазмұны, яғни, ол оқу жағдаяттарын шешуге бағытталған іс-әрекеттер моделі; үшіншіден, виртуалды зертхана – бұл оқу материалын меңгеру құралы, яғни ол пәндік білімдердің білім алушының жеке жетістігіне өту моделі болып табылады. Қарастырылып отырған мәселенің бұндай сипаттамасы «виртуалды зертхана» ұғымына мынадай түсіндірме беруге мүмкіндік жасайды: виртуалды зертхана – бұл білім алушыларға оқу іс-әрекетінің алуан түрін орындауға, сондай-ақ олардың оқу материалын игеруін ұйымдастыруға бағытталған оқу құралы. Біздің ойымызша, аталмыш ұғымға бұлайша түсініктеме беру оның мән-мағынасын неғұрлым тереңірек түсінуге көмектеседі. Виртуалды зертханаға жоғарыда келтірілген әдістемелік шарттың бір-біріне ұласу қисынын (1-сурет) төмендегідей тұжырымдап көрсетуге болады.



1-сурет – Виртуалды зертхананы ұйымдастырудың әдістемелік шарттары

Виртуалды зертхананың оқыту үрдісіндегі осы ерекшеліктері білім алушылардың танымдық және іс-әрекеттік белсенділігін көтерудегі маңызының зор екендігін көрсетеді.

Осы айтылған сипаттамалардың маңыздылығын ескере отырып, олардың бір-бірімен өзара байланыстылығын атап өту керек. Себебі, олар біртұтас үрдіс ретінде ғана білім алушылардың оқу материалын меңгеру нәтижесінде жаңа білім сапаларына (білім, білік, сенімділік элементтері) қол жеткізулеріне жол ашады. Қорыта айтқанда, виртуалдық зертхананың көп қырлылығын білім алушылардың білім сапасын арттырудың құралы ретінде қарастыруға болады. Осы тұрғыдан алғанда виртуалдық зертхана білім беру үрдісін ізгілендірудің маңызды факторларының бірі. Сондықтан да біздің зерттеу жұмысымызға арқау етіп отырған виртуалды зертханалық жұмыстар білім алушылардың іс-әрекетін арттырудың маңызды құралы болып табылады.

Болашақ мұғалімдерді дайындауда виртуалды зертханалық жұмыстарды құру мен пайдалану белгілі бір талаптар мен ұстанымдарға негізделіп жасалуы керек. Әдіснамалық қағидаларға сүйенетін болсақ, ұстаным бір нәрсенің (болмыс, таным, пәндік іс-әрекет) бастапқы негізі болып табылады. Осыған байланысты біз жалпы дидактикалық ұстанымдарға (түсініктілік, мазмұндылық, ғылымилық, оқу мен тәрбиенің бірлігі, жүйелілік, т.с.с.) сүйене отырып, виртуалды зертханалық жұмыстарды құрудың қосымша ұстанымдарын нақтылап ұсынып отырмыз:

Биологиялық модельдеу принципі. Ақпараттық оқыту құралдары оқу барысында оқытушының қызметін айтарлықтай өзгертеді. Дәстүрлі құралдарды пайдаланған кезде оқытушының жетекші қызметі ақпараттық қамтамасыз етілім (тақырыпты түсіндіру, қайталау, бекіту және т.б.) болса, ақпараттық құралдарды пайдаланған кезде бұл қызметтерді компьютер орындайды (өйткені оқу ақпараты оның жадында немесе дискісінде жа-

зылған), ал оқытушының жетекші функциясы студенттердің танымдық қызметін басқару болып табылады. Оған оқу пәнінің құрылымын әзірлеу; оқыту мазмұнын іріктеу; білімді меңгеру және бекіту үшін қосымша материалдарды дайындау және т.б. міндеттер құрамындағы оқыту барысын жоспарлау, ұйымдастыру және бақылау қамтылған. Виртуалды жабдықтың интерактивтілігімен үйлесім тапқан демонстрация (көрсету) жаңа аспектіге ие болады, бұл тұрғыдан алғанда, студент көрсетілетін материалды белсенділігі төмен түрде игеру нәтижесінде білім алып қана қоймайды, сондай-ақ әртүрлі эксперименттерді жасау және жүргізуге белсене атсалысады. Виртуалды зертхананы биология сабақтарында пайдалану оқу-танымдық қызмет әдісі ретінде компьютерлік биологиялық модельдеуді пайдалануға мүмкіндік береді. Биологиялық модельдеудің мәні – биологиялық нысандардың қасиетін зерттеуге арналған модельдеу құруда. Биологиялық модельдеуде модель ролін сызба атқарады.

Сонымен виртуалды зертхананы оқу барысында пайдалану биологиялық модельдеу принципіне сәйкес келуі тиіс, бұл практикалық сипаттағы демонстрациялайтын нысанды не үдерісті көріп қабылдау кезінде биологиялық модельдерді құру үшін компьютерлік құралдарды белсенді түрде пайдалануға мүмкіндік береді. Виртуалды зертханамен жұмыс істеу өз бетімен оқуды ұйымдастыруға мүмкіндік береді, мұнда студенттің әрбір іс-әрекеті (құрал-жабдықтарды әзірлеу, зерттеуге алынған препаратты дайындау, бастапқы мәліметтерді қалыптастыру, орындау, жауап) талданады және тиісті ұсыныстар беріледі.

Виртуалды зертханалық жұмыстарды құрастыру мен оларды оқыту барысында пайдалануда біз оқу құралдарына қойылатын жалпы талаптарға сүйендік. Ол талаптарға сәйкес құралдарды:

– әрбір бөлімдегі негізгі ұғымдардың мәнін түсіну;

– ұғымдардың маңызды белгілері мен

олардың генетикалық байланыстарын ашу;

– ұғымдарды дамыту және алынған білімді жалпылау;

– пәндік біліктер мен дағдыларды қалыптастыру және дамыту;

– жалпы және интеллектуалдық біліктілікті дамыту;

– бар жүйені жаңа біліммен толықтыру;

– алынған білімді жаңа теориялық тұрғыдан қайта тұжырымдау;

– білім мен әр түрлі іс-әрекеттерді түрлі жағдаяттарға (тасымалдау) қолдану.

Виртуалды зертханалық жұмыстарды құру жөніндегі біздің жұмысымыз келесі алгоритм бойынша іске асырылды.

«Кеміргіштердің саркоспоридиялары» тақырыбында виртуалды оқу-танымдық зертханасының электрондық әдістемелік нұсқаулығын құрастырудың алғышарттарына сүйене келе, «Виртуалдық зертханалардың» келесідей модуль тізбелерін ұсынамыз.

1. Кокцидиоздардың диагностикасының зертханалық әдістерін меңгеру. Фюллеборн әдісі (2-сурет);

2. Дарлинг әдісімен кокцидий ооцисттарын қарау;

3. Микроскопиялық әдіс;

4. А.Козелкин әдісімен цисталық мерозоиттар құрылымын анықтау.

Әрбір модуль аяқталған оқу бірлігін құрайды. «Кеміргіштердің саркоспоридиялары» тақырыбында виртуалды оқу-танымдық зертханасының атқаратын міндеттерін нақтылайтын модульдің мақсаты, мазмұны, жоспарланған нәтижелері (модульді оқып-үйрену кезінде қалыптасатын білім, білік, дағдыларға қойылатын талаптар) болуы тиіс.


Біздің зерттеуіміздің мақсат-міндеттеріне сәйкес Virtual Lab үлгісі бойынша кеміргіштердің саркоспоридиялары түрлерінің дамуын, биологиялық ерекшеліктерін зерттеудің лабораториялық жұмыстары дайындалды.

Біздің ұсынып отырған модуль бойынша виртуалды зертханалық жұмыстарды орындау алгоритмін келесі суреттерден көруге болады.

Мұнда жұмыстың барысы және виртуалды зертхананың орындалу алгоритмін толық көруге болады.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, білім алушылардың биологиялық біліктерін қалыптастырудың басты ерекшеліктері мынадай сипатта болады:

– модульдік оқыту жаңа оқу материалдарын өз бетімен игеру мен соған сәйкес іс-әрекеттерді меңгерудегі білім алу-



2(а)-сурет – Кокцидиоздардың диагностикасының зертханалық әдістерін меңгеру. Фюллеборн әдісі



2(ә)-сурет – Кокцидиоздардың диагностикасының зертханалық әдістерін меңгеру.
Фюллеборн әдісі



2(б)-сурет – Кокцидиоздардың диагностикасының зертханалық әдістерін меңгеру.
Фюллеборн әдісі

шылардың әрекеттерін жүзеге асырады. Сөйтіп, биологиялық білімнің толықтығын, жүйелілігін, бір-бірімен байланыстылығын қамтамасыз етеді, виртуалдық зертхана арқылы табиғи ортаны пайдалануда биологиялық дәлелдерге негізделген логикалық-теориялық ойды қалыптастырады;

– биология сабағында виртуалды зертханаларды ендіру білім алушылардың дүниетанымдық көзқарастарын қалыптастырудың тиімді құралы болып сана-

лады, мұнда білім алушылардың сындарлы, шығармашылықпен ойлау қабілеттері қалыптасады;

– танымдық және зерттеушілік біліктерді қалыптастырудың когнитивтік және операциялық-әрекеттік компоненттері арасында өзара байланыс орнайды. Алған білімдерін практикамен байланыстыру тек теориялық қорытынды жасау үшін емес, жаңа білім алу мен біліктерді меңгерудің көзі ретінде қызмет етеді;

– оқытушы білім алушылардың өз

бетімен жұмыс жасауына жағдай жасайтын оқытудың неғұрлым тиімді әдіс-түрлерін қолданады. Бұл жерде оқытушы биологиялық біліктерді меңгерудегі білім алушылардың өз бетімен жұмысты орындауын ұйымдастырады;

– тұлғалық іс-әрекеттік тәсіл проблемалық оқыту элементтеріне байланысты әрбір білім алушының қабылдауын ескере келе, түрлі деңгейдегі тапсырмалардың берілуімен анықталады;

– оқыту үрдісінде білім алушылардың биологиялық біліктерін қалыптастыру динамикасы шығармашылық әрекеттермен

сипатталады;

– білім алушылардың қоршаған табиғи ортаны қорғауға деген қызығушылықтары олардың ізденімпаздық іс-әрекеттерін белсенді етуге жағдай жасайды.

Қорытынды

Ұсынылып отырған биология пәні бойынша виртуалдық зертханалық жұмыстарды құру болашақ мамандарды биологиялық пәндер бойынша сабақтарды жүргізудің ғылыми негізделген құралдарымен қаруландырады, сондай-ақ болашақ мамандардың кәсіби дағдыларын дамытады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Трухин А.В. Виртуальды компьютерлік зертханалардың түрлері // Ашық және қашықтықтан білім беру. – 2003. – №3 (11). – С.12-21.

2. Пономарева И.С. Виртуальная лаборатория как форма организации научных исследований // Материалы Всероссийской научно-практической конференции «Информационные технологии в образовании и науке». – М.: МФА, 2006. – Ч.1. – С.174-179.

3. Таубаева Ш.Т. Исследовательская культура учителя: методология, теория и практика формирования. – Алматы: Алем, 2000. – 381 с.

REFERENCES

1. Truhyn A.V. Virtual computer types of laboratories // Open and distance education. – 2003. – №3 (11). – P.12-21.

2. Ponomareva I.S. Virtual laboratory as form of organization of scientific researches // Materials of the All-russian research and practice conference «Information technologies in education and science». – М.: MFA, 2006. – P.1. – P.174-179.

3. Taubaeva Sh.T. Research culture of teacher: methodology, theory and practice of forming. – Almaty: Alem, 2000. – 381 p.

ШАЙМЕРДЕНОВА Г.З., АБЖАПАРОВА А.С., СЕЙДАХМЕТОВ Н.К. МЕТОДИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ОРГАНИЗАЦИИ ВИРТУАЛЬНЫХ ЛАБОРАТОРНЫХ РАБОТ ПО КУРСУ БИОЛОГИИ

В статье приводится новый подход к обучению обучающихся в процессе гуманизации образовательного процесса, который обязывает пересмотреть и проанализировать роль и место учебных материалов, используемых в учебном процессе, а также рассмотреть их основные функции. Известно, что обучение - это двусторонний процесс, в котором учащиеся и преподаватели взаимодействуют, и ясно, что этот процесс включает структурный элемент, такой как содержание образования. Посредством взаимосвязи этих трех компонентов определяется роль и значение виртуальных лабораторий в процессе обучения. Связь между вышеупомянутыми характеристиками виртуальной лаборатории и структурой обучения позволяет определить роль и место учебных материалов в учебном процессе. Эта особенность Виртуальной лаборатории в учебном процессе демонстрирует важность познавательной и поведенческой деятельности студентов. Многогранная виртуальная лаборатория может рассматриваться как ин-

струмент повышения качества знаний студентов. С этой точки зрения виртуальная лаборатория является одним из важнейших факторов гуманизации образовательного процесса. Поэтому виртуальная лабораторная работа, на которой мы фокусируемся в наших исследованиях, является важным инструментом повышения успеваемости учащихся.

Ключевые слова: виртуальная лаборатория, биологические принципы, методические условия, процессы.

SHAIMERDENOVA G.Z., ABZHAPAROVA A.S., SEIDAKHMETOV N.K. METHODOLOGICAL CONDITIONS OF ORGANIZATION OF VIRTUAL LABORATORY WORKS ON BIOLOGY

The article provides a new approach to teaching students in the process of humanization of the educational process, which obliges to review and analyze the role and place of educational materials used in the educational process, as well as consider their main functions. Learning is known to be a two-way process in which students and teachers interact, and it is clear that this process includes a structural element, such as the content of education. Through the interconnection of these three components, the role and importance of virtual laboratories in the learning process is determined. The relationship between the above characteristics of the virtual laboratory and the structure of training allows us to determine the role and place of training materials in the educational process. This feature of the Virtual Laboratory in the educational process demonstrates the importance of students' cognitive and behavioral activities. A multifaceted virtual laboratory can be considered as a tool to improve the quality of students' knowledge. From this point of view, a virtual laboratory is one of the most important factors in the humanization of the educational process. Therefore, the virtual laboratory work that we focus on in our research is an important tool for improving student performance.

Keywords: virtual laboratory, biological principles, methodological conditions, processes.

ӘӨЖ 81,272

А.Б. ПИЯЗБАЕВА, С.Қ. ҚҰЛМАНОВ
А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
**ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТІЛДІК ЖАҒДАЯТЫ: ӘЛЕУМЕТТІК-
ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ**

Тіл – адамзат қоғамында өмір сүретін әлеуметтік құбылыс. Кез келген тіл қоғамда коммуникативтік (қарым-қатынас құралы), экспрессивтік (ойды жарыққа шығару құралы), конструктивтік (ойлау құралы), аккумулятивтік (тәжірибе мен білімнен жиналған дағды), кумулятивтік (жинақтау), трансформациялық (тасымалдау) және т.б. қызметтер атқарады. Бұлар тілдің түрлі кезеңдеріндегі даму деңгейлеріне тән және өзіндік жүйесінде өзгермейтін туабітті компоненттері болып табылатын негізгі қызметтері деп аталады. Ал тілдің қоғамдық қызметтері, бұл – тілдің сол негізгі қызметтерінің әртүрлі әлеуметтік орталарда, қоғамдық өмір салаларында және әртүрлі мақсаттар мен жағдаяттарда пайдаланылуы мен қолданылуының көрінісі. Қазақ тіліндегі қоғамдық ортаны қалыптастыруға ықпал жасайтын факторлар – білім беру, мәдениет, БАҚ жүйесі мен мемлекеттік тілде іс қағаздарының жүргізілуін қадағалайтын әрбір мекемедегі тіл дамыту бөлімдері мен департаменттері және т.б. институттар мен қоғамдық ұйымдар, сондай-

ақ мемлекеттік биліктің тікелей өзі болып табылады. Сонымен қатар, қазіргі Қазақстанның тілдік жағдаяттар мәселесі Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2009 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Жолдауында көрініс тапқан, мұнда елдің және оның азаматтарының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында, үш тілді, яғни қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде, орыс тілін халықаралық қарым-қатынас тілі ретінде, ағылшын тілін ғаламдық экономикаға табысты кірігу тілі ретінде дамыту қажеттілігіне сәйкес «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасын кезең-кезеңмен жүзеге асыру ұсынылады.

Осыған байланысты қазіргі таңда қазақ тілінің әлеуметтік мәселелерін зерделеу, талдау жөнінде біршама ғылыми зерттеулер жүргізілгенімен әлі де көптеген ізденісті қажет етеді. Қазақстандағы жаңа әліпбиге көшумен байланысты тілтанымдық реформа тұрғысынан тілдің өміршеңдік параметрлерін қайта сипаттау және анықтау ерекше өзекті болып отыр.

Кілтті сөздер: *тілдің өміршеңдігі, қазақтілді контент, тілдік кеңістік, тілдік қайшылықтар, тілдік жағдаят.*

Кіріспе

Тілдің өміршеңдігі. Сандық, сапалық және бағалау белгілеріне сәйкес тілдік жағдаяттарды сараптау критерийін (өлшемін) айқындау негізінде көптілді білім беруді ғылыми өлшемдік қамтамасыз ету ретінде социолінгвистикалық мониторинг әзірлеу барысында қазақ тілінің әлеуметтік мәселелерін зерделеу, талдау жөнінде біршама ғылыми зерттеулер жүргізілгенімен [1; 2], әлі де көптеген ізденісті қажет етеді. Қазақстандағы жаңа әліпбиге көшумен байланысты тілтанымдық реформа тұрғысынан тілдің өміршеңдік параметрлерін қайта сипаттау және анықтау ерекше өзекті болып отыр.

Тілдің өміршеңдігі (лат. *vitalis* – «өміршен») – тілдің өмір сүруге, дамуға қабілеттілігі, бейімділігі, икемділігі. Тіл өміршеңдігі мынадай объективті және субъективті көрсеткіштер жиынтығымен өлшенеді:

1. Әлеуметтік-саяси көрсеткіш, оның ішінде тілді мәртебелік және корпус-тық жоспарлаудағы мақсатты тіл саясатының жүргізілуі, тіл дамыту мен оған қамқорлық жасаудың нақтылы Мемлекеттік бағдарламасының болуы, тілдің толық мәнде қызметін қамтамасыз ететін әлеуметтік инфрақұрылымдардың дамуы (білім беру мекемелері, баспасөз, телерадиокомпаниялар желісі мен телебағдарламалар, кітап басу ісі және т.б.).

2. Әлеуметтік-демографиялық көрсеткіш, оның ішінде мемлекет шегінде өзге тілдік ұжымдарға қарағанда сол тілде сөйлеушілер саны, сол этникалық топтың жалпы санының ішіндегі тіл тұтынушылардың (ана тілі ретінде білетіндер саны) жастар арасындағы, сол тілдегі монолингвтер мен билингвтер саны, сол тілдегі қос тілді білетіндер дәрежесі т.б.

3. Лингвистикалық көрсеткіш, оның ішінде әдеби тілдің болуы, тілдік норманың қалыптануы мен тұрақтылығы, тілдік жаңартпалардың таралу жылдамдығы, шеттілдік әсерге қарсы тұру қабілеті, салалық терминдік жүйенің болуы, сөздік қордың даму динамикасы т.б.

4. Әлеуметтік-функционалдық көрсеткіштер – бұл тілдің әлеуметтік қызметінің қоғамдағы біршама маңызды өмір салаларында, оның ішінде алдымен ағарту саласында (тілдік құзыреттіліктің негізгі салаларында қалыптасуы), ғылымда (гуманитарлық және жаратылыстану-техникалық), бұқаралық ақпарат құралдары, әкімшілік қызметте және іс қағаздарын жүргізуде, сот ісін жүргізуде, өнеркәсіп орындарында және өндірістің өзге салаларында қолданылумен өлшенеді.

5. Ұлттық-мәдени көрсеткіштер, оның ішінде ұлттық өнерде, театр, кино, дінде, әдебиеттің әр алуан түрлеріндегі (көркем әдебиет, лексикография, діни, іскерлік, оқулық, терминологиялық және т.б.)

тілдің қолданыс деңгейі және ғұрыптық дәстүрдің болуы, т.б.

Қазақ тілінің өміршеңдігі туралы Н.Уәли, Э.Сулейменова, З.Ахметжанова сынды ғалымдардың ғылыми зерттеулерінде біршама ғылыми пайымдаулар айтылды [3; 4]. Зерттеушілер тіл өміршеңдігінің негізгі белгілері мен параметрлерін анықтау арқылы қазақ тілінің сол кездегі жағдайын көрсетіп отырды. Ал қазіргі саяси, мәдени, әлеуметтік түрткіжайттар негізіндегі қазақ тілінің өміршеңдігінің басты белгісі ретінде мыналарды көрсетуге болады:

1) ұлттық сананың өсуі мен ұлттық құндылықтардың бағалануы;

2) ұлттық мәдениет пен ұлттық көркем әдебиеттің болуы;

3) өмірдің әртүрлі салаларында мемлекеттік тілдің әлеуметтік қызметінің артуы;

4) 10 жасқа дейінгі балалардың мемлекеттік тілде еркін сөйлеуі;

5) қазіргі үштілділік жағдайында мемлекеттік тілдің қоғамдағы орнының кеңейуі, балабақша мен мектеп жасындағы балалардың мемлекеттік тілде білім алуына жағдай жасауға ерекше мән берілуі;

6) латыннегізді жаңа ұлттық әліпбиге көшумен байланысты тіл саясатындағы жазу реформасына басымдық берілуі (қазақ тілі оқулықтарының жаңа әліпбимен қайта басылып шығуы, қазақ тілі ғылыми курсы мазмұнының толығыуы, ономастикалық кеңістіктің латынграфикалы әліпбимен қайта таңбалануы барысындағы реттелуі, ұлттық сипат алу, терминдік жүйенің стандартталу шаралары).

Негізгі бөлім

Тілдік орта. Тіл – адамзат қоғамында өмір сүретін әлеуметтік құбылыс. Кез келген тіл қоғамда коммуникативтік (қарым-қатынас құралы), экспрессивтік (ойды жарыққа шығару құралы), конструктивтік (ойлау құралы), аккумулятивтік (тәжірибе мен білімнен жиналған дағды), кумулятивтік (жинақтау), трансформациялық (тасымалдау) және т.б. қызметтер атқарады. Бұлар тілдің түрлі кезеңдеріндегі да-

му деңгейлеріне тән және өзіндік жүйесінде өзгермейтін туабітті компоненттері болып табылатын негізгі қызметтері деп аталады. Ал тілдің қоғамдық қызметтері бұл – тілдің сол негізгі қызметтерінің әртүрлі әлеуметтік орталарда, қоғамдық өмір салаларында және әртүрлі мақсаттар мен жағдаяттарда пайдаланылуы мен қолданылуының көрінісі. Қазақ тіліндегі қоғамдық ортаны қалыптастыруға ықпал жасайтын факторлар – білім беру, мәдениет, БАҚ жүйесі мен мемлекеттік тілде іс қағаздарының жүргізілуін қадағалайтын әрбір мекемедегі тіл дамыту бөлімдері мен департаменттері және т.б. институттар мен қоғамдық ұйымдар, сондай-ақ мемлекеттік биліктің тікелей өзі болып табылады. Мерзімді және электронды БАҚ жүйесіндегі мемлекеттік тілді дамыту ішараларының нәтижесі бойынша қазақтілді ортаның өсу динамикасы жылдан жылға артып келеді, бірақ іс қағаздары мен мемлекеттік қызметтегі, жеке кәсіпкерліктегі, жеке ұйымдардағы тілдік орта түбегейлі қазақ тіліне ауысты деуге болмайды.

Қазіргі Қазақстандағы қоғамдық деңгейдегі қазақ тілінің моделі:

1) мемлекетқұрушы ұлттың басым бөлігі (қазақтілділер) үшін қазақ тілі – ана тілі, мемлекеттік тіл, ел аумағындағы басқа ұлт өкілдерімен қарым-қатынас тілі, БАҚ арқылы ақпарат алу тілі, орыс және ағылшын тілдерін үйрену үшін базалық тіл;

2) мемлекетқұрушы ұлттың шағын бөлігі (орыстілділер) үшін қазақ тілі – генетикалық жағынан өз ұлтының тілі, мемлекеттік тіл;

3) Қазақстандағы ірі диаспора (орыс этносы) өкілдері үшін қазақ тілі – мемлекетқұрушы ұлт тілі, мемлекеттік тіл, ішінара өзге ұлт өкілдерімен қарым-қатынас және БАҚ арқылы ақпарат алу тілі;

4) Қазақстандағы басқа ұлт өкілдері үшін қазақ тілі – мемлекетқұрушы ұлт тілі, мемлекеттік тіл, ішінара басқа ұлт өкілдерімен және өзара қарым-қатынас тілі, БАҚ арқылы ақпарат алу тілі, ішінара

басқа тілдерді үйрену үшін базалық тіл [5].

Мемлекеттік тілді пайдаланатын, қолданып жүрген тілдік кеңістік Қазақстандағы осындай әртүрлі тілдік қауымдастық негізінде анықталады. Тілдік кеңістік азаматтардың қай тілде қарым-қатынас жасап өмір сүретініне байланысты қалыптасады. Осы тұрғыдан келгенде Қазақстанның тілдік кеңістігінде бірнеше тілдік орта бар. Олар – қазақтілді кеңістік, қазақорыстілді кеңістік, орыстілді кеңістік және аз да болса орыс-ағылшынтілді кеңістік. Бұларға қоса, еліміздегі саны жағынан аз диаспоралардың тілдік кеңістіктері тағы бар. Дегенмен қазіргі тіл кеңістігі қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің белсенділігімен ерекшеленеді. Қазақ тілінің кеңінен қолданылатын ортасының әлеуметтік мәртебесі орташа, яғни әлеуметтік иерархия бойынша қоғамның аз қорғалған, орташа табысты азаматтары арасында кең қолданыстағы тіл болып табылады. Бұл топқа қоғамның экономикалық және қаржы дегдарларынан, саяси ықпалды топтарынан алыс жатқан тұрғындар: мұғалімдер, әртүрлі кеңселерде жұмыс істейтін орта және төменгі буын қызметкерлері, ұсақ сауда өкілдері, құрылысшылар, жалдамалы еңбектегілер, зейнеткерлер, көлік жүргізушілері және т.б. кіреді. Әрине, қазақтілді азаматтар билік басында, ұлттық компанияларда, ең тәуір жұмыстарда аз емес. Дегенмен олардың басым көпшілігінің жұмыс тілі, ортасының тілі – орыс тілі болып отыр. Яғни, қоғамда қазақ тілінің кеңістігі аса өтімді, беделді, белсенді емес. Сондықтан да, таза қазақтілділер өздерінің ана тілінде қоғамдық жаңаруларға, әлеуметтік өзгерістерге ықпал ете алмай қалатын жайттар жиі кездеседі.

Қазіргі тілдік жағдаят және қазақ тілінің ахуалы. Қазақстандағы тілдік жағдаят мынадай әлеуметтік лингвистикалық параметрлер негізінде анықталады:

– біріншіден, тілдік жағдаят экзоглостық сипат алып отыр, өйткені қызметтері әртүрлі қоғамдық салада бірдей көріне

бермейтін бірнеше тілдің жиынтығынан құралған;

– екіншіден, таралу және функционалдылық тұрғысынан көстілділік сипат алып отыр: заң тұрғысынан қазақ тілі мемлекеттік тіл болып табылады, алайда халықаралық коммуникация мен ресми салада қазақ тілінің ролін нығайту үрдістеріне қарамастан, кейбір функционалдық салалар бойынша кеңестік кезеңнің саясаты күшінің инерциясымен орыс тілінің ролі біршама басымдық танытып тұр;

– үшіншіден, теңсіздік сипаттағы көптілділік таралып отыр, себебі кейбір қарым-қатынас салаларында орыс тілінің қолданыс аясы қазақ тіліне қарағанда әлі де ауқымды, кең;

– төртіншіден, тілге әсер ететін экстралингвистикалық түрткіжайттар өзгеріске ұшырауын тоқтатқан жоқ [6].

Дегенмен де қазіргі кезде қазақ тілінің әлеуметтік мәртебесінің күшеюін көрсететін оң үрдістерді статистикалық мәліметтер де дәйектеп отыр.

Бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанда оңтайлы әлеуметтік-лингвистикалық кеңістік құру тіл саясатын кезең-кезеңмен іске асыру арқылы жолға қойылып отыр. Мемлекеттік тілді оқытудың инфрақұрылымы елеулі түрде кеңейді:

– қазақ тілінде оқытатын балабақшалар – 5962 (2001 жылмен салыстырғанда 34%-ға өскен), мектептер – 5362 (2001 жылмен салыстырғанда 53%-ға артты), 101 мемлекеттік тілді оқыту орталығы құрылды. Ауылдық мектептер желісі басым (76,3%). Бұл ретте қалалық және ауылдық мектептердің контингенті іс жүзінде тең (ауыл – 47,5%, қала – 52,5%). 2017 оқу жылының қорытындысы бойынша қазақ мектептері мен аралас мектептерді қоса алғанда, қазақ тілінде оқыған түлектердің саны 60128-ге артқан. Бұл барлық мектеп бітірушілердің жалпы санының 72,2 %-ын құрайды. Орысша оқығандардың саны – 23134, яғни 27,8%. Ал ҰБТ-дан 101-ден 125-ке дейін ұпай алған қазақтілді түлектер саны – 10491. Осындай жоғарғы нәтижеге жеткен орыстілді түлектердің

саны – 3976 [7];

Іс қағаздарын жүргізуді мемлекеттік тілге көшіру үдерісі де белсенді түрде іске асырылып келеді (мемлекеттік органдардағы қазақ тіліндегі құжаттардың үлес салмағы шамамен 67%-ды құрайды) ¹.

Ересек азаматтардың мемлекеттік тілді меңгеру деңгейі. QAZTEST қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалау жүйесінің ақпараты бойынша 2017 ж. ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша тестілеуден 94 578 адам өткен. Тестіленушілер арасында қағаз форматтағы (компьютерлік тестілеу – 19 296 адам) қатысушылардың негізгі бөлігін 29 458 (39,1%) – бюджеттік сала қызметкерлері, 22 837 (30,4%) – мемлекеттік қызметшілер, 12 484 (16,6%) – әскери сала қызметкерлері, 9 438 (12,5%) – мемлекеттік емес мекеме қызметкерлері, 515 (0,7%) – «Болашақ» стипендиясына үміткерлер және 550 (0,7%) басқа саланың қызметшілері құрады. 2017 жылдың 2 қаңтарынан 28 желтоқсанына дейін қазақ тілін меңгеру деңгейін анықтау және бағалау ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша қатысқан мемлекеттік қызметшілер саны 29 458 адамды құрады. Тестілеу қорытындысы бойынша В1 деңгейінде меңгерген мемлекеттік қызмет көрсететін мекеме қызметкерлері үлесі – 48%; С1 деңгейінде меңгерген мемлекеттік қызмет көрсететін мекеме қызметкерлерінің үлесі – 1,03%. 2017 жылғы тестілеуден Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігін, Дін істері және азаматтық қоғам министрлігін қоспағанда, орталық атқарушы органдардың барлығы өтті. ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін бағалау тестілеуіне қатысушылардың саны 2016 жылмен салыстырғанда 20 846 адамға артты. Ағымдағы жылы әлеуметтік топтар арасында қатысушылардың контингенті кеңейе түсті.

«Сорос – Қазақстан» қорының қаржылық/сараптамалық қолдауымен жүргізілген «Тұрмысың қалай, жастар?» атты Қазақстанның әлеуметтанушылар мен сая-

саттанушылар қауымдастығының (ҚӘСҚ) зерттеу жобасы аясында 2016 жылғы 23 сәуір-6 мамыр аралығында жастар арасында «Аймақтық жастардың этностық діни бірегейленуі» атты сауалнаманың нәтижелері бойынша дайындалған есептің деректеріне сүйенетін болсақ, еліміздегі жастар арасында мемлекеттік тілді білу деңгейі мынадай: қазақтар арасында қазақ тілінде сөйлейтіндер 100%, басқа этностық топтарда 33,7%, және орыстар арасында 5%. Алайда орыстілді қазақтар арасында қазақ тілінде еркін сөйлейтін бірде бір адам табылмады. Негізінен республиканың батысы (85,8%), оңтүстігі (74,7%), және шығысы (57,8%) қазақ этнолингвистикалық аймақтары болып табылады. Қазақ тілінде түсіндіре алатындар мен жеке сөз орамдарын түсінетіндердің көпшілігі орыстілді қазақтар 70,2%, орыстар 53,8%, және басқа ұлт өкілдері 41%. Аймақтар кесіндісінде мемлекеттік тілді нашар білетіндер көрсеткіші елдің батысында 8,2% және орталығында 36,9% басым. Мемлекеттік тілді мүлдем білмейтіндердің басым көпшілігі орыстар (38,8%), аз мөлшерде басқа этностық топ өкілдері (22,3%) және орыстілді қазақтар (14,5%) болып табылады. Мемлекеттік тілді білмейтіндер шоғырланған аймақтар – елдің солтүстігі (27,3%) мен шығысы (21,9%) болып табылады.

Мемлекеттік тілге қатысты қайшылықтар. Тілді нашар білетіндер, өзін-өзі бағалай алмайтындар және мүлдем білмейтіндер (орта есеппен – 55,1%) арасында мемлекеттік тілді меңгеруге деген ниеттің болмауы басты қайшылық болып табылады. Жастардың ерекшеленген санат құрамында мемлекеттік тілді қабылдамағандар деңгейі – орыстар (62,4%) және басқа этностық топ өкілдері (60,1%) арасында орта көрсеткіштен жоғары, ал орыстілді қазақтар (38,2%) арасында төмен болып табылады. Аймақтар кесіндісі бойынша мемлекеттік тілді меңгергісі келмейтіндердің үлесі елдің шығысында

¹ ҚР білім беру жүйесінің даму жағдайы туралы ұлттық баяндама // ҚР БҒМ «Ақпараттық-аналитикалық орталық» АҚ – Астана, 2017.

29,6% бастап, батысында 76,7%-ға дейін өзгереді.

Қарым-қатынастың негізгі тілі. Алынған деректер Қазақстанда екітілділіктің бар екенін көрсетеді. Орыстілді жастар көп жағдайда орыс тілінде сөйлеуді жөн көреді. Орыс тілі 86,7% орыстардың, 72,3% орыстілді қазақтардың, 51,2% басқа этностық топ өкілдерінің қатынас тілі болып табылады. Орыс этнотілдік басымдыққа ие аймақтар – солтүстік (52,5%) және орталық (47,7%). Басқа аймақтар кесіндісі бойынша орыстілді қатынастың ең жоғары көрсеткіші – шығыста (42,2%), ең төмен көрсеткіші – батыста (7,3%) көрініс тапты. Қазақтілді қазақтардың сөйлеу тәжірибесі екітілділікке деген жоғары толеранттылықты айқындайды. Олардың арасында негізгі қатынас тілі – бір деңгейде қазақ және орыс тілі (58,3%) болып табылады. Аймақтар кесіндісі бойынша екітілді қатынас елдің шығысында (48,4%), батысында (47%) және оңтүстігінде (47,6%) басымдыққа ие. Қазақ тілінде негізінен, қазақтілді қазақтар (39%) сөйлейді: 44% – батыста және 35,3% – оңтүстікте. Қазақ тілін басқа этностық топ өкілдері (10,2%), орыстілді қазақтар (7,9%) және орыстар (1,3%) сирек қолданады [7].

Астана қаласы мәслихатының 2015 жылғы 11 желтоқсандағы «2016-2020 жылдарға арналған Астана қаласын дамыту бағдарламасының» мәліметтеріне сүйенсек, Астанада мемлекеттік тілді меңгерген ересектердің үлесі – 81%, орыс тілін меңгергендер – 99%, ағылшын тілін меңгергендер 25% құрайтыны анықталды. Үш тілді (мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерін) меңгерген тұрғындардың үлесі – 5%. Мемлекеттік тілді меңгерген ұлты қазақ емес ересектердің үлесі – 25%. Зерттеу жұмыстарына байланысты мемлекеттік тілдегі сауалнаманы таңдаушылар – 36,8%, орыс тіліндегі сауалнама таңдаушылар – 61,5%, ағылшын тілінде таңдаушылар 1,7% болды. Осыдан жауап берушілердің 63,2%-ы қазақ тілін білмейтіні байқалды. Зерттеуге қатысушылардың


ұлттық құрамы: қазақ – 80,0%, орыс – 17%, басқа да 3%. Жауап берушілердің 72,7% – жоғары білімділер. Мемлекеттік қызметкерлер – 11,9%, бюджеттік ұйым қызметкерлері – 36,2%, кәсіпкерлер – 11,7%, студенттер – 11,3, басқа да – 28,9%. Сауалнама барысында жауап берушілердің 80%-ы өзара қатынас тілі ретінде қазақ тілін белгілеген. Жауап берушілердің үштен бір бөлігінен астамы (34,5%) мектептерде немесе оқу орындарында оқыту процесі қазақ тілінде жүргізілгенін, 20%-ға жуығы қазақ-орыс тілдерінде, 42,5%-ы қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде және 3,1%-ы орыс тілінде жүргізілгенін қалайтыны белгілі болды. Басқа шет тілдерін білу болмашы деңгейде деп сипатталады. Мысалы, ағылшын тілін еркін сөйлейтін дәрежеде меңгерген адамдардың үлесі өте аз. «Ағылшын тілін мүлде білмеймін» нұсқасын 48% тұрғын белгілеген. Қазақ тілін 10,1% білмейді, ал орыс тілін білмейтіндердің саны – 1,5%. Бұл тезис «Басқа тілдерді білесіз бе?» (аталғандардан басқа) деген сауалмен анықталды. Сұралғандардың тек 6,5%-ы ғана бұл сұраққа оң жауап берді. Қосымша нұсқалар ретінде респонденттердің 6,5%-ы ТМД елдерінде жиі қолданылатын 10-нан астам тілдерді, оның ішінде неміс және француз тілдерін белгілеген.

Аймақтар бойынша білім деңгейінде айырмашылық бар. Қазақ тілі тек Қазақстанның оңтүстігінде жетекші орын алады – 70,8%-ы еркін сөйлейді, оқиды және жазады. Басқа облыстарда респонденттердің басым көпшілігі орыс тілінде еркін сөйлейді.

Облыстар арасында қазақ тілін білудің жоғары деңгейі Атырау (100%) және Жамбыл (85,2%) облыстарында байқалады.

Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес 2025 жылға дейін қазақ тілін білетін тұрғындар 95%-ы құрайды деп көзделген.

Тіл факторының бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану тәжірибесіне әсері. Қазақ тілді бұқаралық ақпарат құрал-



1-сурет – Аймақтар бойынша тіл білу деңгейі

дарын пайдаланушылардың басым бөлігі еліміздің оңтүстік және батысында тұратын жасы 25 пен 40 аралығындағы азаматтар. Ал кәсіби деңгейіне тоқталсақ, олар көбінесе журналистер, мемлекеттік қызметшілер, білім саласының қызметкерлері. Десек те, мамандар қазақтілді сегментті пайдаланушылар аудиториясы толық қалыптасып үлгермегенін де жасырмайды. Мәселен, 2016 жылы электронды БАҚ-тың қазақ тілдің контентінің үлесі 12,7%-ға өсіп, 84%-ды құрады. Ал орыс тілді контенттердің үлесі 10,8%-ға қысқарып, жыл соңында 16% болды. Алайда жалпы құрылымдағы электронды БАҚ үлесі 16% ғана. Қалған бөлігі баспа түрдегі ақпарат тарату. Ондағы қазақ тілді контенттің үлесі 50%. 2016 жылдың соңында Қазақстанда 2 мың 900 бұқаралық ақпарат құралы тіркелді. Олардың 23%-ы мемлекеттік БАҚ, Мемлекеттік БАҚ ақпаратының 71%-ы қазақ тілінде. 2015 жылы бұл көрсеткіш 60% болған. Алайда ҚР Мәдениет және спорт министрлігі жүргізген сауалнама нәтижесінде қолданушылардың көбі қазақ тіліндегі мемлекеттік БАҚ-тың танымал еместігін және ақпараттық мазмұны аз сайттар екенін айтқан.

ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты жүргізген зерттеудің мәліметтеріне сүйенсек, Қазақстандық азаматтардың үштен бір бөлігінің қазақ тілімен қатар, орыс тілінде де ақпарат алуға әлеуеті жетеді. Екі тілде ақпарат алуға мүмкіндіктері бар тұрғындардың саны жалпы тұрғындар саны-

ның 36,3%-ын құрайды. Ақпараттық өнімдерді қазақ тілінде тұтынуды қалайтындардың жалпы үлесі 25,5%-ды құрады, оның ішінде респонденттердің 9,8%-ы ақпаратты тек қазақ тілінде тұтынатындығы белгілі болды. Тек қазақ тілінде ақпарат алуға қалайтын азаматтардың үлесі респонденттердің жасына тікелей байланысты. Жасы неғұрлым егде тартқан болса, соғұрлым респондент «тек қазақ тілінде ақпарат тұтынамын» деген жауапты таңдаған. Әрбір үшінші респондент (33,3%) ақпарат алу үдерісінде орыс тіліне басымдық беретінін айтқан. Сауалнамаға қатысқан азаматтардың 14,7%-ы ақпаратты тек орыс тілінде түсіне алатындықтарын жеткізген [8].

Қазақстандағы азаматтардың үштен бірі билингв, олардың әрқайсысының қазақ тілінде, сондай-ақ орыс тілінде ақпарат алуға әлеуеті жетеді. Мұндай тұрғындардың үлесі басым және жалпы тұрғындар санының 36,3%-ын құрайды. Билингв адамдардың арасында ақпаратты қазақ тілінде алуға қалайтын жастардың үлесі – 19,1% құрады.

Қорытынды

Сонымен, қоғамдағы мемлекеттік тілді меңгеру деңгейі әрқелкі. Бұл проблемалық аспект әлеуметтік зерттеу жүргізуші сарапшылардың пікірінше, мемлекеттік тілді оқытудың бірінші әдіснамасы мен стандарттарының, қазақ тілі оқытушылары мен мамандарының даярлық деңгейінің төмендігімен, қазақ тілін оқыту инфрақұрылымы қызметінің бірінші стандарттарының болмауымен,

мемлекеттік тілді меңгеру үдерісін ынталандыру және мониторинг жасау жүйесінің жетілмеуімен тікелей байланысты. Елдің әлеуметтік-коммуникативтік кеңістігіне мемлекеттік тілдің жеткіліксіз енгізілуі де алаңдатады. Бұл бағыттағы мәселелер, ең алдымен, халықаралық коммуникация, демалу мен ойын-сауық саласында мемлекеттік тілді белсенді қолдану аясының кеңеюіне, оны заңның, ғылымның және жаңа технологиялардың тілі ретінде қарқынды дамытуға байланысты болып отыр. Сонымен қатар, мемлекеттік тілді қолданудың мәртебесін арттыру, оны отбасы құндылығы ретінде таныту сияқты мәселелердің тізбесі де аз емес, әсіресе ұрпақ арасындағы тілдік трансмиссия мәселесі ерекше зерттеуді қажет етеді, сондай-ақ тіл саласындағы кейбір келеңсіз дақырттар мен таптаурын пікірлер де осы проблемалардың қатарынан орын алып отыр. Қазақстан қоғамындағы тіл мәдениетінің төмендеуі тілтанушы мамандардың дабыл қағуына әкеп отыр. Аталған аспект бойынша, терминология, антропонимика және ономастика салаларындағы проблемалар, сөйлеу мәдениеті мен жазу жүйесін жетілдіру қажеттігі, сондай-ақ толерантты тілдік орта құру мәселесі лингвистикалық кеңістіктің одан әрі дамуы жолында айтарлықтай қиындықтар туындатып отыр. Қазақстандықтардың лингвистикалық капиталын сақтау және нығайту қажеттілігі де назардан тыс қалмауы керек. Бұл аспектте қазақстандықтардың бәсекелестік басымдығы ретінде қазақ тілімен қатар ағылшын тілін меңгеру деңгейін көтеруге, Қазақстан мәдениетінің тілдік әралуандығын қалыптастыратын этностардың тілдерін дамыту үшін жағдай жасауға және халықаралық іскерлік қарым-қатынас құралы ретінде басқа да шет тілдерін оқып-үйренуге байланысты проблемалар жиынтығы бар.

Қорытындылай келе, жастар арасында мемлекеттік тілді білетіндер қазақ тілінде сөйлейтіндердің (қазақтілді қазақтар) 100%-ын, басқа этностық топтардың

33,7%-ын, және орыстардың 5%-ын құрайды. Орыстілді қазақтар арасында қазақ тілінде еркін сөйлейтіндер тым аз. Негізінен республиканың батысы (85,8%), оңтүстігі (74,7%), және шығысы (57,8%) қазақ этно-мәдени тілдік аймақтары болып табылады. Қазақ тілінде ойын түсіндіре алатындар мен жеке сөз орамдарын түсінетіндердің көпшілігі орыстілді қазақтар 70,2%, орыстар 53,8% және басқа ұлт өкілдері 41% болып табылады. Аймақтар кесіндісінде мемлекеттік тілді нашар білетіндер көрсеткіштері елдің батысында (8,2%) және орталығында (36,9%) басым. Мемлекеттік тілді мүлдем білмейтіндердің басым көпшілігі орыстар (38,8%), аз мөлшерде басқа этностық топ өкілдері (22,3%) және орыстілді қазақтар (14,5%) болып табылады. Мемлекеттік тілді білмейтіндер шоғырланған аймақтар – елдің солтүстігі (27,3%) мен шығысы (21,9%).

Осы зерттеуде тілді нашар білетіндер, өзін-өзі бағалай алмайтындар және мүлдем білмейтіндер (орта есеппен – 55,1%) арасында мемлекеттік тілді меңгеруге деген ниеттің болмауы басты қайшылық болып табылады деп көрсетілді. Мемлекеттік тілді қабылдамаған жастар санатында орыстар (62,4%) және басқа этностық топ өкілдері (60,1%) арасында орта көрсеткіштен жоғары, ал орыстілді қазақтар (38,2%) арасында төмен болып табылады. Аймақтар кесіндісі бойынша мемлекеттік тілді меңгергісі келмейтіндердің үлесі елдің шығысында 29,6%-дан бастап, батысында 76,7%-ға дейін өзгереді.

Алынған деректер Қазақстанда екітілділіктің бар екенін көрсетеді. Орыстілді жастар көп жағдайда орыс тілінде сөйледі жөн көреді. Орыс тілі 86,7% орыстардың, 72,3% орыстілді қазақтардың, 51,2% басқа этностық топ өкілдерінің қатынас тілі болып табылады. Орыс этно-тілдік басымдыққа ие аймақтар – солтүстік (52,5%) және орталық (47,7%). Басқа аймақтар кесіндісі бойынша орыс тілді қатынастың ең жоғары көрсеткіші – шығыста (42,2%), ең төмен көрсеткіші

ші – батыста (7,3%) көрініс тапты. Қазақтілді қазақтардың сөйлеу тәжірибесі екітілділікке деген жоғары толеранттылықты айқындайды. Олардың арасында негізгі қатынас тілі – бір деңгейде қазақ және орыс тілі (58,3%) болып табылады. Аймақтар кесіндісі бойынша екітілді қатынас елдің шығысында (48,4%), батысында (47%) және оңтүстігінде (47,6%) басымдыққа ие. Қазақ тілінде негізінен, қазақтілді қазақтар (39%) сөйлейді: 44% – батыста және 35,3% – оңтүстікте. Қазақ тілін басқа этностық топ өкілдері (10,2%),

орыстілді қазақтар (7,9%) және орыстар (1,3%) сирек қолданады.

Осы көрсетілген зерттеулердің нәтижелері елімізде теңгерімсіз қазақ-орыс қостілділігіне (екітілділік) негізделген экзоглостық тілдік жағдаят қалыптасқанын және мемлекеттік тілді қолдау шаралары жоғары саяси құрылымдар тарапынан жүйелі қолға алынғанына қарамастан, оның ел ішіндегі әлеуметтік имиджін көтеру әлі де көп күш жұмсауды қажет ететінін көрсетіп отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ахметжанова З. Витальность казахского языка как проблема языкознания и языковой политики // Вестник ПГУ. – 2001. – №1.
2. Сулейменова Э.Д., Мадиева Г.Б., Шаймерденова Н.Ж. Словарь по языкознанию. – Алматы: Ғылым, 1998.
3. Уәли Н. Қазақ тілінің Мемлекеттік тіл ретінде қызмет етуінің алғы шарттары // ҚР ҒА Хабарлары. Тіл-әдебиет сериясы. – 1998. – №3.
4. Момынова Б. Қазақ әдіби тілінің өміршеңдігі // Павлодар Мемлекеттік университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2010. – №3.
5. Фазылжанова А. «Үштұғырлы тіл» мәдени жобасындағы тілдердің Қазақстан кеңістігіндегі үйлесімді қызметі // «Білім және ғылым саласындағы инновациялар» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы, 2011. – Б.172–179.
6. Фазылжанова А. «Мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асырушы органдарға арналған әліпби ауыстырумен байланысты тілтанымдық реформаны жүзеге асырудағы тілдік жағдаят және қауіптерді басқару» жөніндегі талдамалық анықтама. – Алматы: А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2018.
7. «Сорос – Қазақстан» қорының қаржылық/сараптамалық қолдауымен жүргізілген «Тұрмысың қалай, жастар?» – атты Қазақстанның әлеуметтанушылар мен саясаттанушылар қауымдастығының (ҚӘСК) зерттеу жобасы аясында 2016 жылғы 23 сәуір – 6 мамыр аралығында жастар арасында «Аймақтық жастардың этностық-діни бірегейленуі» атты сауалнаманың нәтижелері бойынша дайындалған есеп. – Астана, 2016.
8. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты «Қоғамдық пікір» институты» ОО «Қазақстандағы медиа-тұтынудың қазіргі заманғы тенденциялары» атты аналитикалық жиынтық есебі. – Астана, 2018.

REFERENCES

1. Akhmetzhanova Z. Vitality of the Kazakh language as a problem of linguistics and language policy // Bulletin of PSU. – 2010. – №1.
2. Suleimenova E.D., Madiyeva G.B., Shaimerdenov N.G Dictionary of linguistics. – Almaty: Gylym, 1998.
3. Uali N. Prerequisites for the functioning of the Kazakh language as the state language // Messages of the Academy of Sciences of Kazakhstan. Series of philology. – 1998. – No.3.

4. Momynova B. Viability of the Kazakh literature. // Bulletin of Pavlodar state University. Series Philology. – 2010. – №3.

5. Fazylyzhanova A. Materials of the International scientific-practical conference « Science, Education and innovation-factors of implementation of the Strategy «Kazakhstan-2050». – Almaty, 2011. – 172-179 pp.

6. Fazylyzhanova A. Analytical report «Language situation and threat management in the implementation of language reform related to the alphabetical order for bodies implementing state language policy». – Almaty: A. Baitursynov named Institute of linguistics, 2018.

7. Report on the results of a survey conducted from April 23 to May 6, 2016 in the framework of a research project of the Association of Sociologists and Political Scientists of Kazakhstan (SSSF) with financial / expert support from the Soros Foundation-Kazakhstan, the project “Youth Identity of Regional Youth”. – Astana, 2016.

8. An analytical summary of the Kazakhstan Institute for Strategic Studies under the President of the Republic of Kazakhstan Institute of Public Opinion «Modern Trends in Media Consumption in Kazakhstan». – Astana, 2018.

ПИЯЗБАЕВА А.Б., КУЛМАНОВ С.К. ЯЗЫКОВАЯ СИТУАЦИЯ КАЗАХСТАНА В ПЕРИОД ПЕРЕХОДА НА ЛАТИНИЦУ: СОЦИОЛИНГВИСТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ

Проблемы языковой ситуации современного Казахстана в послании президента РК «Новый Казахстан в новом мире» 2009 года, где предлагается поэтапная реализация культурного проекта «Триединство языков» с целью обеспечения конкурентоспособности страны и ее граждан, в соответствии с необходимостью развития трех языков: казахского языка как государственного, русского языка как языка международного общения, английского языка как языка успешной интеграции в глобальную экономику. Указом президента утверждена государственная программа функционирования и развития языков в Республике Казахстан на 2011-2020 годы. Государственная программа развития языков реализуется в три этапа. На первом этапе намеченного на 2011-2013 годы намечено проведение комплекса мероприятий, направленных на совершенствование нормативно-правовой и методологической базы функционирования и дальнейшего развития языков. В рамках второго этапа на 2014-2016 годы планируется реализация комплекса мероприятий по внедрению новых технологий и методов в области владения и применения государственного языка, а также сохранение языкового многообразия. В 2017-2020 годах, то есть на третьем этапе будет осуществляться закрепление результатов путем проведения систематического мониторинга уровня владения государственным языком во всех сферах общественной жизни, надлежащего качества его применения и дальнейшего соблюдения позиций других языков. По итогам реализации программы доля взрослого населения, владеющего государственным языком, в 2014 году – 20%, в 2017-м – 80%, в 2020 году – 95%. Доля казахстанцев, владеющих русским языком, к 2020 году составит 90%. Доля населения республики, владеющего английским языком, в 2014 году будет равна 10%, в 2017-м – 15%, в 2020-м – 20%. Доля населения, владеющего тремя языками (государственным, русским и английским) в 2014 году – 10%, в 2017-м – 12%, в 2020-м – до 15%.

В связи с этим в настоящее время проводится ряд научных исследований по изучению и анализу социальных проблем казахского языка. С точки зрения языковой реформы, связанной с переходом на новый алфавит в Казахстане, особенно актуально переиздание и определение жизнеспособных параметров языка.

Ключевые слова: языковая витальность, казахоязычный контент, языковое пространство, языковые противоречия, языковая ситуация.

PIYAZBAEVA A., KULMANOV S. THE LANGUAGE SITUATION OF KAZAKHSTAN IN THE PERIOD OF TRANSITION TO LATIN ALPHABET: A SOCIOLINGUISTIC ANALYSIS

The President's Address of 2009 «New Kazakhstan in the new world» proposes a phased implementation of the cultural project «Trinity of languages» aimed to ensure the competitiveness of the country and its citizens. This project necessitates the development of three languages: Kazakh as the state language, Russian as a language of international communication, and English as a language for successful integration into the global economy. The President has approved the State Program of functioning and development of languages in the Republic of Kazakhstan for 2011–2020 which is implemented in three stages. The first stage (2011–2013) is the implementation of a set of measures aimed to improve the legislative and methodological framework for the functioning and further development of languages. The second stage (2014–2016) is the introduction of new technologies and methods in mastering and use of the state language and the preservation of linguistic diversity. The third stage (2017–2020) is to solidify the results by systematic monitoring of the level of proficiency in the state language in all spheres of public life, the proper quality of its application and further preservation of the positions of other languages. As a result of the implementation of the program, the share of adults proficient in the state language shall be 20% in 2014, 80% in 2017, and 95% in 2020. The share of Kazakhs proficient in Russian shall reach 90% by 2020. The share of the population proficient in English shall be 10% in 2014, 15% in 2017, and 20% in 2020. The share of three-lingual population shall be 10% in 2014, 12% in 2017, and 15% in 2020.

Today, several studies are ongoing that analyze social problems of the Kazakh language. The viable parameters of the language shall be reviewed and determined because of the transition of Kazakhstan to the new Latin alphabet.

Keywords: language vitality, Kazakh language content, linguistic space, linguistic contradictions, language situation.

UDC 81'286

ZH.SULEIMENOVA¹, A.NURZHANOVA², ZH.DUISEBEKOVA²

¹ Kazakh National Women's Teacher Training university

² Suleyman Demirel University,

**LINGUODIDACTIC BASIS FOR TEACHING SPEECH CULTURE
TO FOREIGN STUDENTS**

One of the prerequisites for the development of the state language is the teaching of Kazakh as a foreign language. Theoretical and methodological foundations of teaching Kazakh to representatives of other nationalities are now being developed. However, a lot is still to be done because of the formerly wrong balance and prioritizing of stages (speaking, listening, writing, reading, and grammar) in language teaching. Until today, much attention was paid to mastering grammar, reading, and writing, while speaking and listening were upstaged. As a result, many people with excellent knowledge of grammar found it challenging to speak in a foreign language. Therefore, due attention when teaching a language should be paid to speaking. This also supposes the speech culture, which is an important aspect regardless of the level of language mastering. Modern society prefers professionals who are fluent when

speaking in public.

The article talks about the specificity of teaching the speech culture to foreign students and the concept of “speech culture” in the methodology of teaching foreign languages.

Keywords: foreign audience, the speech culture, cultural linguistics, language picture of the world.

Introduction

In the system of Kazakhstan higher professional education in the last decade, there have been significant changes associated with the signing of the Bologna Declaration, which undoubtedly influenced the strengthening of international academic mobility, the activation of knowledge and development of innovative technologies.

Against the background of difficult for Kazakhstan conditions, first of all economic, the development of modern science and education is carried out, which is characterized by the transition to a multi-level system of training. This path provides an opportunity to unify the quality of education following the unified state standards. The bachelor degree should provide fundamental training for students and form the basis for their subsequent continuation of education in graduate and postgraduate studies.

However, in the settings of these drastic changes, the state educational standards for non-humanitarian universities still include a set of humanitarian disciplines while leaving the right for educational institutions to determine the number of hours depending on the specific conditions and tasks of training specialists of a particular profile. These humanitarian disciplines include “Foreign Language,” which primary goal is to develop a linguistic personality that can effectively lead intercultural communication. According to the requirements of the state educational standard, Kazakhstani students shall attain a certain level of communicative competence in a foreign language to be able to solve socially valuable tasks in various fields of activity, including professional activity.

Main part

The discipline “Kazakh as a foreign language” has similar contents. The program on teaching Kazakh as a foreign language in natural sciences states that the goal of the course

is to “form the communicative competence of students to receive education in a non-native (Kazakh) language in a foreign socio-cultural environment.” Particular attention is paid to the formation of communicative competence, which allows students to communicate in a foreign language environment and gain professional knowledge. Foreign language training serves as a fundamental component of foreigners’ professional activity is a multi-level process in the context of continuing education and provides for the formation and development of the student’s linguistic identity.

Since both disciplines have similar goals, the changes taking place in higher education affect curricula and programs. In most educational institutions, the number of hours for “Kazakh as a foreign language” was significantly reduced.

In this regard, many questions arise in higher education non-humanitarian institutions. How many hours do foreign students need in order to master the Kazakh language and use it in various communication situations, including during their professional activities? At what stage of training should foreigners independently continue learning without specialized language training? Alternatively, should this training be consistent and continuous throughout the entire period of students’ education in the universities of Kazakhstan?

Methodological literature still has not come to a single point of view on the stages of teaching Kazakh as a foreign language in higher school. The use of the existing concepts of “beginner”, “elementary”, “intermediate”, “upper-intermediate”, “advanced” varies among scientists. From our point of view, the intermediate and upper-intermediate levels correspond to undergraduate education (years of study 1-4). The beginner and elementary levels correspond to pre-university education, and the

advanced level is reached at the end of the magistracy.

In this work, the formation of Russian speech culture of foreigners is described from the stage of pre-university training to the advanced stage.

Another important issue, directly linked to the formation of speech culture of foreign bachelors is the competence-based approach which has become relevant in the methodological substantiation of theory and practice of teaching various disciplines, including languages. There is a project "Tuning Education Structures," reflecting a comprehensive approach to the implementation of the objectives of the Bologna Process. It presents the structure and description of programs at all levels based on the competence approach. Within the framework of this project, the concept of "competence" includes such components as "knowledge and understanding, knowledge and action, knowledge and being." Some scientists compare competence with fingers on hands (skills, knowledge, experience, contacts), which are "coordinated by the palm and controlled by the nervous system that controls the hand as a whole" [1, 4].

"The transition to the use of the concept of "competence" when describing the desired profile of a specialist with higher education in third-generation educational standard provides a broader field of activity of a specialist," says O.V. Varnikova [2, 4]. The views expressed are based on a specific set of tasks in the field of development of the education system and the internationalization of competence requirements for graduates of all Kazakhstani universities, including technical, science and economics. For the preparation of bachelors, as well as specialists and masters, lists of competencies were developed, allowing to form and develop an individual capable of active activity, independence, social and professional mobility.

The lists of competencies vary, but in general, they are divided into two main groups: general (universal) and subject-specific (professional). The European Commission recommends considering eight universal vital

competencies, including the competences in native and foreign languages, intercultural and cultural competences. Their practical implementation is possible when studying humanities, including "Foreign Language".

In modern conditions of a multi-level system of higher of professional education, the question arises: "How does the competence-based approach relate to the Requirements (Standards) imposed on the training of foreign students in the Kazakh language as a foreign language?"

It is known that foreign languages are taught in the framework of communicative approach which has long become popular and gained recognition in many countries around the world due to the changing political, economic, and educational realities. As noted above, the primary purpose of learning any foreign language, including Kazakh as a foreign language, is to master it as a means of free communication in various spheres of human activity. As a result, communicative competence is interpreted as "the ability to solve means of communication of everyday, academic, industrial and cultural life relevant for students and society by means of a foreign language; the ability of the student to use the facts of language and speech for the realization of the goals of communication" [3, 98].

Since the focus of this study is the speech culture of foreign students, let us turn to the concept of "speech culture" in the works of foreign researchers.

Interest in speech culture exists in many countries, even from ancient times. Cicero said: "To be able to speak correctly is not merit, and not to be able to, is already a shame, because correct speech, in my opinion, is not so much the dignity of a good speaker as the property of every Roman" [4, 49].

The art of literacy was valued in all civilized societies. In ancient China, for example, such art was based on the classical form of Wen Yan Wen, which assumed the in-depth content of the utterance and reflected in it the real feelings of a person. In many countries of the world, speech culture was

a kind of national tradition to be protected, preserved and cultivated in its main qualities: standardization, clarity, accuracy, purity, simplicity, consistency (elegance and harmony traditionally characterize the French language).

The term “speech culture” also has ancient roots. In Finland, it was used more than 5,000 thousand years ago – puheen kulttuur [5, 5]. In modern foreign linguistics has equivalents. In particular, French linguistic theory uses the term language criticism (*critique du langage*) [6, 10]. In German, along with the concept of “*sprachkultur*” (speech culture), there is also a *sprachpflege* (concern for the purity of the language). In Poland, language culture and language culture are used, in England – the popular culture of the language. In the Czech Republic, Slovakia, and Vietnam, they distinguish between the language culture and the speech culture. In Bulgaria, lately, the use of speech etiquette and correct Bulgarian language, although earlier, several decades ago, the concept of the language culture. In Hungary, the term speech culture is used (*besze kultu'ra*).

At the end of the XX century, representatives of the Prague School have identified four circles of phenomena composing the concept of “language culture.” These phenomena relate to language (linguistic culture, in the initial sense of this notion) and speech, utterance (speech culture).

“In both areas (in the field of language and speech), two directions are equally distinguished: culture as a state (level of language and speech) and culture as an activity, i.e., cultivation (perfection) of language and speech” [7, 262]. A somewhat different opinion was expressed by Czech scientist K. Gauzenblas, who also attributed the language culture to communication [8, 297].

In Poland, the linguists consider the concept of “language culture” in three major meanings:

1) the activities aimed at improving the language and development of the ability to use it correctly and accurately;

2) the degree of skill in the correct and

accurate use of the language;

3) the section of linguistics [9, 9].

Later, Andrzej Markowski expanded the concept of “language culture,” adding another meaning to it: “a benevolent attitude to the language of those of its users who have a high level of linguistic knowledge, as well as an established linguistic consciousness” [10, 165].

The scientist believed that the culture of a language is “the conscious and purposeful use of language in all communicative situations.” The definition of “language culture” proposed by A. Markovsky to some extent coincides with the statement of the German scholar N. Niemeyer. The latter wrote that “The speech culture is a part of the general culture of the people and its expression; according to its criteria, the level of language activity is assessed, as well as the perception and assessment of a language by its speakers or the linguistic society” [11, 83].

The formation of the Kazakh speech culture of foreign bachelors is based on the traditions of learning used in the teaching of Kazakh as a foreign language. Consider these traditions in more detail.

Since speech culture is realized in speech activity, each foreigner should first learn to hear, speak, read, and write in Kazakh, that is, master the main types of speech activities. As a result, it is traditional to teach foreign students to listen, read, speak, and write as these skills form the basis for speech activity.

